Ключевые слова: *информационные технологии, модель, математическое моделирование, компьютерное моделирование, имитационное моделирование, MathCad, Maple, Mathematica, MatLab.*

Внедрение информационных технологий в современную систему образования изменили ее стратегию, цели и содержание. Данные изменения улучшили качество образования, расширили его доступность. Ведь главной задачей вузов является подготовить конкурентоспособных специалистов, которые будут осуществлять инновационную профессионально-практическую деятельность в различных сферах общественной жизни. Но чтобы решить данную проблему необходимо начинать с профессиональной подготовки педагогов. На сегодня актуальным стало обучение будущих учителей школ или преподавателей вузов не только работе в своей предметной области, но и подготовка педагогов в применении информационных технологий в обучении. На сегодня уже невозможно обучение математике без использования новых информационных технологий. Современным педагогам необходимо квалифицированно выбирать и уметь применять те средства информационных технологий, которые будут соответствовать целям изучения математики его задачам и содержанию.

Огромные возможности которые предоставляет компьютер при обработке информации позволяют не только обогащать, но и изменять содержание образования. Использование информационных технологий в сочетании с грамотно выбранными технологиями обучения дают необходимый уровень качества обучения и, конечно же, его дифференциации, индивидуализации и вариативности. Если идти в ногу со временем то жизнь выдвигает на первый план развития общества такие вопросы как организация производства, управление промышленностью и техникой. И естественно «поставщиком» новых направлений, а также новых задач в математике плавно перешла от техники и физики к экономике. Раньше математический аппарат использовали преимущественно как инструмент расчета, то в данное время приоритетным становится задача выбора наиболее эффективного варианта, при котором достигается наилучший результат.

Академик В. Г. Разумовский говорил, что «с введением в учебный процесс компьютеров возрастают возможности многих методов научного познания, особенно метода моделирования, который позволяет резко повысить интенсивность обучения, поскольку при моделировании выделяется сама суть явлений и становится ясной их общность» [1].

Моделированием называем процесс замещения объекта или процесса, которые исследуем на его условный образ или другой объект (модель) и исследование свойств оригинала на основании анализа свойств модели.

Для чего мы это делаем? Модель может устранить проблемы, которые связаны с

изучением свойств реального объекта. Модель может обеспечить адекватное отображение исследуемых свойств оригинала.

Если заглянуть в историю, то моделирование использовали в различных областях и его развитие шло в значительной степени независимо. Но проведенные исследования двадцатого столетия в кибернетике и теории систем привели более систематическому представлению понятия модели с использованием компьютера.

Математические же модели это одни из основных инструментов служащие для познания человеком явлений окружающего мира. В математике, физике, механике и других точных науках естествознания чтобы описать изучаемое явление используют математические модели.

Основой математического моделирования является триада модель - алгоритм – программа (рис.1).




Рисунок 1. Триада модель-алгоритм-программа

С появлением компьютеров стало возможно за малое количество времени проводить расчеты математических моделей различной степени сложности. Применение информационных технологий для математического моделирования изменило само понятие «решение задачи».

Вообще, моделирование является основным методом исследования почти во всех областях знаний. Ведь методы моделирования используют для того чтобы оценить характеристику сложных систем и принять научно обоснованное решение в различных сферах человеческой деятельности. На рисунке ниже изображена классификация подходов к моделированию (рис.2).




Рисунок 2. Классификация подходов к моделированию

Проектируемую или уже существующую систему можно исследовать используя математические модели (аналитические и имитационные) для того чтобы оптимизировать процесс функционирования системы. Модель системы реализуют на компьютерах, которые в данном случае будут выступать в качестве инструмента экспериментатора с моделью системы. На рисунке 3 изображена схема процесса компьютерного моделирования.




Рисунок 3. Общая схема процесса компьютерного математического моделирования

Когда мы описываем систему и ее поведения, реализованные и исследованные в ходе операций на компьютере, такую модель называем имитационной.

При разработки имитационной модели обычно пользуются возможностями одного из пакетов математического моделирования. Существуют большое количество программ математического моделирования и об их возможностях, областях применения можно писать очень много, но мы рассмотрим лишь наиболее популярные из них. Такими считаются MathCad, Maple, Mathematica и MatLab.

Mathcad – это интегрированная система решения математических, научных и инженерно-технических задач. Mathcad используют при выполнении математических и технических расчетов. Он сочетает в себе текст, графику и символьные обозначения математики на одном листе. Mathcad предназначен для обучения и работы не только со сложными расчетам, но и техническими проектами [2].

С помощью Mathcad можно легко решить такие задачи как:

- ввод различных математических выражений;
- проведение математических расчетов;
- демонстрация графиков с результатами расчетов;
- ввод данных и вывод в текстовые файлы результатов;

- подготовка в виде печатных документов отчетов работы;
- возможность публикаций результатов в Интернете и подготовка Web-страниц;
- получение справочной информации;
- и другие задачи.

MatLab является высокопроизводительным языком для технических расчетов, включающий в себя вычисления, программирование и визуализацию в удобной среде.

MatLab используется:

- при математических вычислениях;
- для создания алгоритмов;
- для моделирования;
- при анализе данных, исследование и визуализаций;
- в научной и инженерной графике;
- при разработке приложений.

MatLab уже развивается в течение нескольких лет и ориентируется на различных пользователей. В учебном процессе MatLab представляет собой инструмент, предназначенный для работы не только в области математики, но и машиностроения. В области промышленности MatLab незаменимый помощник для высокопродуктивных разработок, исследований и анализа данных [3].

Пакет Mathematica широко известен в научной и образовательной среде, применяется при расчетах в научных исследованиях.

Несмотря на то, что системы класса Mathematica направлены на серьезные математические вычисления, они довольно просты в освоении и могут быть использованы широкой категорией пользователей, будь то студенты или преподаватели вузов, инженеры, научные работники и даже учащиеся специальных школ.

Mathematica представляет собой не только систему программирования, которая основывается на одном из самых мощных проблемно-ориентированных языков программирования высокого уровня, но и интерактивную систему решающую большинство математических задач в диалоговом режиме.

Недостатком системы Mathematica является лишь непривычный язык программирования. Впрочем, система помощи облегчает данную задачу.

Программа Maple - это удобная интеллектуальная среда для математических исследований. Данная программа в научной среде пользуется широкой популярностью.

Maple - это удобная среда для проведения компьютерных экспериментов, где пробуют разнообразные подходы к задаче, анализируют частные решения и если есть необходимость программирования, отбирают требующие особой скорости фрагменты.

Maple предлагает различные мощные инструментальные средства для вычисления выражений с одной или несколькими переменными, также с помощью программы можно решить задачи дифференциального и интегрального исчисления, разложений в ряды, вычисления пределов и др. [3].

Последние версии Maple имеют удобный графический интерфейс, инструменты визуализации, а также построения графиков и дополнительные средства программирования. Maple является, безусловно, лидером по возможностям символьных вычислений.

Пакет Maple широко используется в университетах, в исследовательских компаниях и центрах. Maple постоянно развивается и уже может выполнять сложные аналитические вычисления.

Математические пакеты Maple и MatLab являются интеллектуальными лидерами в своих классах, которые определяют развитие компьютерной математики.

ЛИТЕРАТУРА:

1. <http://www.scienceforum.ru/2015/1121/14137>

2. Бедарев И.А., Белоусова О.Н., Федорова Н.Н. Численные методы решения инженерных задач в пакете MathCAD DOC. Учебное пособие. - Новосибирск: 2010. - 104 с.

3. Е. Р. Алексеев, О. В. Чеснокова. Решение задач вычислительной математики в пакетах Mathcad 12, MATLAB 7, Maple 9. Издательство: НТ Пресс, 2011 г.

Смагулова Л.А., Абдыкаримова А.Т.

Математикалық модельдеудің бағдарламалық құралдарын қолдану

Мақалада модельдеудің, оның ішінде компьютерлік модельдеудің негізгі түсініктері қарастырылады. Сонымен қатар математикалық модельдеуде қолданылатын программалық құралдар сипатталады.

Тірек сөздер: *ақпараттық технологиялар, модель, математикалық модельдеу, компьютерлік модельдеу, имитациялық модельдеу, MathCad, Maple, Mathematica, MatLab.*

L.A. Smagulova, A.T. Abdykarimova

Usage of software tools for computer modelling

The article covers the basic concepts of modelling including mathematical modelling. Also the software tools used in mathematical modelling are described.

Key words: *information technologies, model, mathematical modelling, computer modelling, imitation modelling, MathCad, Maple, Mathematica, MatLab.*

УДК 519.6:517.977.56:629.764

СВЕДЕНИЕ СИСТЕМЫ УРАВНЕНИЙ МАКСВЕЛЛА К КАНОНИЧЕСКОМУ ВИДУ

Смагулов Е.Ж., Жиенбаев Ж.Т., Смагулов Б.Е., Уразова М.С., Байзакова А.

*Жетысуский государственный университет им. И. Жансугурова, г. Талдыкорган,
Smagulovezh@mail.ru*

Разработан алгоритм решения прямой задачи. Электромагнитная волна распространяется в анизотропной среде с тензором проводимости. Из системы уравнений Максвелла получили цепочку уравнений. После преобразований получили канонический вид.

Ключевые слова: *система уравнения, канонический тензор, проводимость, суперпозиция, вектор, функция, матрица, Максвелл.*

Рассмотрим стуктуру уравнений Максвелла в полупространстве $Z \geq 0$ описываемом тензором проводимости $\sigma(z)$. В [1, 57-61] показано, что полное электромагнитное поле можно представить в виде суперпозиции обыкновенной (индекс “о”) и необыкновенной (индекс “н”) волны.

$$\begin{aligned} E_x &= E_x^o + E_x^h, & H_x &= H_x^o + H_x^h, \\ E_y &= E_y^o + E_y^h, & H_y &= H_y^o + H_y^h, \\ E_z &= E_z^o + E_z^h, & H_z &= H_z^o + H_z^h. \end{aligned} \tag{1}$$

Система уравнений Максвелла по аналогии с изотропной средой может быть записана в матричном виде [2, 3-16]:

$$\frac{\partial \Pi}{\partial t} + A_1 \frac{\partial \Pi}{\partial x} + A_2 \frac{\partial \Pi}{\partial y} + A_3 \frac{\partial \Pi}{\partial z} + A_4 \Pi = 0, \tag{2}$$

где $\Pi = (E_x, E_y, E_z, H_x, H_y, H_z)$, а матрицы $A_i, i = 1, 2, 3, 4$ имеют вид

$$A_1 = \begin{pmatrix} 0 & 0 & 0 & 0 & 0 & 0 \\ 0 & 0 & 0 & 0 & 0 & 1 \\ 0 & 0 & 0 & 0 & -1 & 0 \\ 0 & 0 & 0 & 0 & 0 & 0 \\ 0 & 0 & -1 & 0 & 0 & 0 \\ 0 & 1 & 0 & 0 & 0 & 0 \end{pmatrix}, \quad A_2 = \begin{pmatrix} 0 & 0 & 0 & 0 & 0 & -1 \\ 0 & 0 & 0 & 0 & 0 & 0 \\ 0 & 0 & 0 & 1 & 0 & 0 \\ 0 & 0 & 1 & 0 & 0 & 0 \\ 0 & 0 & 0 & 0 & 0 & 0 \\ -1 & 0 & 0 & 0 & 0 & 0 \end{pmatrix},$$

$$A_3 = \begin{pmatrix} 0 & 0 & 0 & 0 & 1 & 0 \\ 0 & 0 & 0 & -1 & 0 & 0 \\ 0 & 0 & 0 & 0 & 0 & 0 \\ 0 & -1 & 0 & 0 & 0 & 0 \\ 1 & 0 & 0 & 0 & 0 & 0 \\ 0 & 0 & 0 & 0 & 0 & 0 \end{pmatrix}, \quad A_4 = \begin{pmatrix} \sigma_t & 0 & 0 & 0 & 0 & 0 \\ 0 & \sigma_t & 0 & 0 & 0 & 0 \\ 0 & 0 & \sigma_t & 0 & 0 & 0 \\ 0 & 0 & 0 & 0 & 0 & 0 \\ 0 & 0 & 0 & 0 & 0 & 0 \\ 0 & 0 & 0 & 0 & 0 & 0 \end{pmatrix}$$

В силу соотношений

$$\frac{\partial \Pi}{\partial t} = p\Pi, \quad \frac{\partial \Pi}{\partial x} = \lambda\Pi, \quad \frac{\partial \Pi}{\partial y} = p\Pi$$

Из этого получим

$$(pJ_6)\Pi + \lambda A_1 \Pi + \rho A_2 \Pi + A_3 \frac{\partial \Pi}{\partial z} + A_4 \Pi = 0,$$

здесь $J_6 = \text{diag}(1, 1, 1, 1, 1, 1)$.

Если сложить свободные матрицы, то получим

$$\left[(pJ_6) + A_3 \frac{\partial}{\partial z} + M \right] \Pi = 0, \quad (3)$$

где $M = \lambda A_1 + \rho A_2 + A_4$, или в развернутом виде

$$M = \begin{pmatrix} \sigma_t & 0 & 0 & 0 & 0 & -\rho \\ 0 & \sigma_t & 0 & 0 & 0 & \lambda \\ 0 & 0 & \sigma_t & \rho & -\lambda & 0 \\ 0 & 0 & \rho & 0 & 0 & 0 \\ 0 & 0 & \lambda & 0 & 0 & 0 \\ -\rho & -\lambda & 0 & 0 & 0 & 0 \end{pmatrix}$$

найдем собственные значения матрицы A_3 ,

$$r_1 = 0, r_2 = 1, r_3 = -1, r_4 = 0, r_5 = 1, r_6 = -1$$

Из соответствующих собственных векторов построим матрицу преобразования T ,

$$T = \begin{pmatrix} 1 & 1 & 0 & 1 & 1 & 0 \\ -1 & -1 & 0 & 1 & 1 & 0 \\ 0 & 0 & 0 & 0 & 0 & 2 \\ 1 & -1 & 0 & -1 & 1 & 0 \\ 1 & -1 & 0 & 1 & -1 & 0 \\ 0 & 0 & 2 & 0 & 0 & 0 \end{pmatrix}$$

Тогда обратная матрица T^{-1} будет иметь вид

$$T^{-1} = \frac{1}{4} \begin{pmatrix} 1 & -1 & 0 & 1 & 1 & 0 \\ 1 & -1 & 0 & -1 & -1 & 0 \\ 0 & 0 & 0 & 0 & 0 & 2 \\ 1 & 1 & 0 & 1 & 1 & 0 \\ 1 & 1 & 0 & 1 & -1 & 0 \\ 0 & 0 & 2 & 0 & 0 & 0 \end{pmatrix}$$

Рассмотрим вектор-функцию $\bar{\Pi}$, связанную с Π равенством

$$\Pi = T\bar{\Pi} \Rightarrow \bar{\Pi} = T^{-1}\Pi$$

Тогда следует цепочка уравнений

$$\left[(pJ_6) + A_3 \frac{\partial}{\partial z} + M \right] \Pi = 0, \quad (4)$$

$$(pJ_6)\Pi + A_3 \frac{\partial \Pi}{\partial z} + M\Pi = 0,$$

$$(pJ_6)T\bar{\Pi} + A_3 \frac{\partial (T\bar{\Pi})}{\partial z} + MT\bar{\Pi} = 0,$$

$$(pJ_6)T\bar{\Pi} + (A_3 T) \frac{\partial \bar{\Pi}}{\partial z} + (MT)\bar{\Pi} = 0,$$

$$[(pJ_6)T + (A_3 T) \frac{\partial}{\partial z} + (MT)]\bar{\Pi} = 0,$$

Приведем систему к каноническому виду. Для этого умножим уравнение слева на T^{-1} , после чего получим

$$T^{-1}[(pJ_6)T + (A_3 T) \frac{\partial}{\partial z} + (MT)]\bar{\Pi} = 0,$$

$$[T^{-1}[(pJ_6)T + (T^{-1}A_3 T) \frac{\partial}{\partial z} + (T^{-1}MT)]]\bar{\Pi} = 0,$$

здесь

$$T^{-1}[(pJ_6)T] = [(pJ_6)T + (T^{-1}A_3 T)] = k = \text{diag}(1, -1, 0, 1, -1, 0), T^{-1}MT = \bar{M}$$

После преобразований получим канонический вид

$$[(pJ_6) + \bar{K} \frac{\partial}{\partial z} + \bar{M}]\bar{\Pi} = 0 \quad (5)$$

ЛИТЕРАТУРА:

1. Романов В.Г. Обратные задачи уравнений математической физики. Новосибирск: НГУ, 1985, 187 с.
2. Смагулов Е.Ж. Математическое моделирование магнитотеллурических полей в анизотропных средах. Автореферат на соискание ученой степени кандидата физико-математических наук. Алматы, 1992, 16 с.

Смагулов Е.Ж., Жиенбаев Ж.Т., Смагулов Б.Е., Уразова М.С., Байзакова А.

Максвелл теңдеулер жүйесін канондық түрге келтіру

Мәселені шешу алгоритмі құрылды. Анизотроптық ортада өткізгіштік тензормен электромагниттік толқын таралады. Максвелл теңдеулер жүйесінен теңдеулер тізбегін алуға болады. Түрлендіруден кейін канондық нысан алынды.

Тірек сөздер: теңдеулер жүйесі, канондық тензор, өткізгіштік, суперпозиция, векторлық, функциясы, массив, Максвелл.

E.Zh. Smagulov, Zh.T. Zhiembaev, B.E.Smagulov, M.S.Urazova, A.Baizakova

Convention of the system of maxwell's equations to the canonical kind

An algorithm for solving a direct problem is developed. The electromagnetic wave propagates in an anisotropic medium with a conductivity tensor. From the system of Maxwell's equations we obtain a chain of equations. After the transformations, we obtain the canonical form.

Key words: system, equations, canonical, tensor, conductivity, superposition, vector, function, matrix, Maxwell.

УДК 519.6:517.977.56:629.764

СВЕДЕНИЕ СИСТЕМЫ УРАВНЕНИЙ МАКСВЕЛЛА
К ГИПЕРБОЛИЧЕСКОЙ СИСТЕМЕ

Смагулов Е.Ж., Смагулов Б.Е., Тулымшакова Г.К., Адильбаева А.М.
Жетысуский государственный университет им. И. Жансугурова, г. Талдыкорган,
Smagulovzh@mail.ru

Разработан алгоритм решения прямой задачи. Электромагнитная волна распространяется в анизотропной среде с тензором проводимости. Свели системы уравнений Максвелла к гиперболической системе.

Ключевые слова: система уравнения, канонический тензор, проводимость, суперпозиция, вектор, функция, матрица, Максвелл.

Рассмотрим стуктуру уравнений Максвелла в полупространстве $Z \geq 0$ описываемом тензором проводимости $\sigma(z)$. В [1, 57-61] показано, что полное электромагнитное поле можно представить в виде суперпозиции обыкновенной (индекс “о”) и необыкновенной (индекс “н”) волны.

$$\begin{aligned} E_x &= E_x^o + E_x^h, & H_x &= H_x^o + H_x^h, \\ E_y &= E_y^o + E_y^h, & H_y &= H_y^o + H_y^h, \\ E_z &= E_z^o + E_z^h, & H_z &= H_z^o + H_z^h. \end{aligned}$$

Система уравнений Максвелла по аналогии с изотропной средой может быть записана в матричном виде [2, 3-16]:

$$\frac{\partial \Pi}{\partial t} + A_1 \frac{\partial \Pi}{\partial x} + A_2 \frac{\partial \Pi}{\partial y} + A_3 \frac{\partial \Pi}{\partial z} + A_4 \Pi = 0, \tag{1}$$

После преобразований получим

$$[(pJ_6) + \bar{K} \frac{\partial}{\partial z} + \bar{M}] \bar{\Pi} = 0, \tag{2}$$

здесь $\Pi = \text{calon}(\bar{\Pi}_1, \bar{\Pi}_2, \bar{\Pi}_3, \bar{\Pi}_4, \bar{\Pi}_5, \bar{\Pi}_6)$, причем $\bar{\Pi}(\lambda, \rho, z, p)$

вектор-функция, а матрица \bar{M} в развернутом виде равна

$$\bar{M} = \begin{vmatrix} \frac{\sigma_z}{2} & \frac{\sigma_z}{2} & -\frac{(\rho + \lambda)}{2} & 0 & 0 & \frac{(\rho - \lambda)}{2} \\ \frac{\sigma_z}{2} & \frac{\sigma_z}{2} & -\frac{(\rho + \lambda)}{2} & 0 & 0 & \frac{(\lambda + \rho)}{2} \\ -\frac{(\rho + \lambda)}{2} & -\frac{(\rho + \lambda)}{2} & 0 & \frac{(\rho - \lambda)}{2} & \frac{(\rho - \lambda)}{2} & 0 \\ 0 & 0 & \frac{(\rho - \lambda)}{2} & \frac{\sigma_z}{2} & \frac{\sigma_z}{2} & -\frac{(\rho + \lambda)}{2} \\ 0 & 0 & \lambda \frac{(\rho - \lambda)}{2} & \frac{\sigma_z}{2} & \frac{\sigma_z}{2} & \frac{(\rho + \lambda)}{2} \\ \frac{(\rho - \lambda)}{2} & \frac{(\rho - \lambda)}{2} & 0 & \frac{(\rho + \lambda)}{2} & \frac{(\rho + \lambda)}{2} & \sigma_z \end{vmatrix}$$

Из условия непрерывности касательных компонент поля для вектор-функции $\bar{\Pi} = (\bar{\Pi}_i, i = 1, 2, 3, 4, 5, 6)$ получим граничные условия,

относительно комбинаций $\bar{\Pi}_k, K = 1, 2, 3, 4,$

$$\frac{\lambda}{\rho + \lambda} - \frac{\bar{\pi}_2^1 + \bar{\pi}_1^1}{\sqrt{p^2 + \lambda^2 + \rho^2}} + \frac{\lambda}{p^2 + \lambda^2 + \rho^2} \frac{\bar{\pi}_2^1 - \bar{\pi}_1^1}{p} = 2$$

$$\frac{\lambda}{\rho - \lambda} - \frac{\bar{\pi}_3^1 + \bar{\pi}_4^1}{\sqrt{p^2 + \lambda^2 + \rho^2}} + \frac{\lambda}{p^2 + \lambda^2 + \rho^2} \frac{\bar{\pi}_2^1 - \bar{\pi}_1^1}{p} = 2$$

$$\frac{\lambda}{\rho - \lambda} - \frac{\bar{\pi}_2^2 + \bar{\pi}_1^2}{P} + \frac{1}{\rho + \lambda} \frac{\bar{\pi}_2^2 - \bar{\pi}_1^2}{\sqrt{p^2 + \lambda^2 + \rho^2} p} = 2$$

$$\frac{1}{\rho - \lambda} - \frac{\bar{\pi}_4^2 + \bar{\pi}_3^2}{P} + \frac{1}{-\rho - \lambda} \frac{\bar{\pi}_4^2 - \bar{\pi}_3^2}{\sqrt{p^2 + \lambda^2 + \rho^2} p} = 2$$

Пологая $S = 2$, введем следующее обозначение

$$\tilde{A}(\lambda, \rho, s, P) = \bar{\pi}(\lambda, \rho, z, P),$$

Здесь $\tilde{A}(\lambda, i = 1, 2, 3, 4, 5, 6)$ – вектор-функция, а для $\hat{\sigma}(z)$ после замены оставим то же обозначение.

Подобная замена в области $t \geq 0, s \geq 0$ приводит к следующей гиперболической системе уравнений

$$P \tilde{A}^v + K \frac{\partial \lambda}{\partial s} + D(\lambda, \rho, s) \tilde{A}^v = 0 \quad (3)$$

здесь $D(\lambda, \rho, s) = \bar{M}(\lambda, \rho, z)$, \tilde{A}^v – вектор-функция с компонентами

$(A_1^v, A_2^v, A_3^v, A_4^v, A_5^v, A_6^v)$ подчиняющаяся условию

$$\tilde{A}^v|_{t \geq 0} \equiv 0$$

а условия примут следующий вид:

при $v=1$

$$\frac{\lambda}{\rho + \lambda} \frac{\lambda_2^1}{\sqrt{p^2 + \lambda^2 + \rho^2}} + \frac{\lambda}{\rho^2 + \lambda^2 + \rho} \frac{\lambda_2^1 - \lambda_1^1}{p} = 4,$$

$$\frac{\lambda}{\rho - \lambda} \frac{\lambda_4^1 - \lambda_3^1}{\sqrt{p^2 + \lambda^2 + \rho^2}} + \frac{\lambda}{\rho^2 + \lambda^2 + \rho} \frac{\lambda_4^1 - \lambda_3^1}{p} = 4$$

при $v=2$

$$\frac{\lambda}{\rho + \lambda} \frac{\lambda_2^2 + \lambda_1^2}{p} + \frac{\lambda}{\rho - \lambda} \frac{\lambda_2^2 - \lambda_1^2}{\sqrt{p^2 + \lambda^2 + \rho^2}} = 4,$$

$$\frac{\lambda}{\rho - \lambda} \frac{\lambda_4^2 - \lambda_3^2}{p} + \frac{\lambda}{-\rho - \lambda} \frac{\lambda_4^2 - \lambda_3^2}{\sqrt{p^2 + \lambda^2 + \rho^2}} = 4$$

ЛИТЕРАТУРА:

1. Романов В.Г. Обратные задачи уравнений математической физики. Новосибирск: НГУ, 1985, 187 с.
2. Смагулов Е.Ж. Математическое моделирование магнитотеллурических полей в анизотропных средах. Автореферат на соискание ученой степени кандидата физико-математических наук. Алматы, 1992, 16 с.

Смагулов Е.Ж., Смагулов Б.Е., Тулымшакова Г.К., Адильбаева А.М.

Максвелл теңдеулер жүйесін гиперболалық жүйеге келтіру

Мәселені шешу алгоритмі құрылды. Анизотроптық ортада өткізгіштік тензормен электромагниттік толқын таралады. Максвелл теңдеулер жүйесі гиперболалық жүйеге келтірілді.

Тірек сөздер: теңдеулер жүйесі, канондық тензор, өткізгіштік, суперпозиция, векторлық, функциясы, массив, Максвелл.

E.Zh. Smagulov, B.E. Smagulov, G.K.Tulimshakova, A.M. Adilbaeva

Information on the system of maxwell's equations To the hyperbolic system

An algorithm for solving a direct problem is developed. The electromagnetic wave propagates in an anisotropic medium with a conductivity tensor. Maxwell's system of equations was reduced to a hyperbolic system.

Key words: system, equations, canonical, tensor, conductivity, superposition, vector, function, matrix, Maxwell.

ӘОЖ 004.434

С# ОРТАСЫНДА ПРОГРАММАЛАУ ЖӘНЕ ТІЛДІҢ АЛФАВИТІ

Шалтабаев А.А., Сергазинова Э.С., Есенғабылов Ы.

*І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қ.,
altai_shaltabaev@mail.ru, sergazinova_elvira@bk.ru*

Мақалада С# программалау тілі, оның мүмкіндіктері туралы баяндалған. Сонымен қатар программалау тілінің алфавиті туралы сипатталып, программа кодтарының үзінділері берілген.

Тірек сөздер: объектілі-бағытталған программалау тілі, қосымша, жоба, тіл алфавиті, программа коды.

Си программалау тілдерінің тобы – көптеген есептерді сипаттауға және есептеу процестері мен мәліметтерді өңдеу жұмысын жасаудың алдыңғы қатарлы механизмін құрайтын бірталай көрнекті де ыңғайлы программалау тілдері. Бұл топ тілдерінің құрылымы қолданушыға өзінің жұмысында төменнен жоғары қарай жобалау, құрылымды программалау және модулдарды сатылап жобалау, жылдам орындалатын ықшамды программалар құру жолдарын қолдануға мүмкіндік береді. Соған қарамастан Си тілі өте қарапайым тіл: оған жоғарғы деңгейлі программалау тілдеріне қарағанда ассемблерге тән кейбір құралдар кіреді.

С# дүние жүзілік әйгілі екі тілдің мұрагері болып табылады. С# объектілерді қолдану арқылы программалау парадигмасы, объектіге-бағытталған архитектураға негізделген. Мәліметтердің әрбір құрылымы тек бір программалық модульде тұруы тиіс. Бұл мәліметтер құрылымындағы өзгерістердің және мәліметтермен орындалатын әрекеттердің оңашалануына кепілдік береді. Мәліметтерге кез келген қатынас құру тек модульді пайдалану арқылы болады. Объектіге-бағытталған программалау негізгі 3 қасиетімен: инкапсуляция, мұрагерлік және полиморфизммен сипатталады.

С# (дыбысталуы си-шарп) – объектіге-бағытталған программалау тілі. 1998-2001 жылдары Microsoft компаниясында Андерс Хейлсбергтің басшылығымен бір топ инженерлермен Microsoft.NET Framework платформасына қосымшаларды құрастырушы тіл ретінде жасалған.

Объектіге-бағытталған программалау – қазіргі программалау тілдерінің негізгі технологиясы. Бұл технологияда негізгі мүше объект болып табылады және программаның басқа бөлігінен тәуелсіз, кейбір функционалдық есептерін шешу үшін оның бөліктері де жеткілікті.

С# тілінде жазылған программа мәтіндік файл болып табылады және тіл операторларынан, түсініктемелерден тұрады.

С# тілі объектіге-бағытталған программалау тілдерінің тобына жатады. Объектіге-

бағытталған программалау тілдерінің негізгі концепциясы – құрылатын қосымша өзара байланысқан негізгі объектілерден тұрады. Объектілер дегеніміз бірнеше рет қолданылатын программалық модульдерден, яғни байланысқан мәліметтер мен процедуралардан тұрады. Күрделі программалар бірнеше біртекті объектілерді қолдануы мүмкін [1].

Әдіс нұсқаулардың жиынтығынан тұратын, кодтар блогынан құралған құрылым болып табылады. C# тілінде барлық нұсқаулар әдістің контекстінде орындалады. Main әдісі C# құрылымына кіретін кіріс нүктесі болып табылады және бағдарламаны орындауға жіберген кезде CLR ортасы арқылы шақырылады. Әдістер класстарда немесе құрылымда рұқсат алудың деңгейінің нұсқауымен жарияланады, мысалы айталық public немесе private, міндетті емес модификаторлар, айталық abstract немесе sealed әдістерінің және осы әдістің параметрінің тізбесінің атының мағынасын қайтарады. Барлық осы элементтер бір әдістің сигнатурасын құрайды. Әдіс сигнатурасының шамадан тыс көзқарасы бойынша қайтарылым түріндегі әдістер сигнатура бөлігі бола алмайды. Ол тек делегаттар мен әдістер арасында үйлесімділік анықталған кезде ғана сигнатура әдісінің бір бөлігіне айналады және сол сигнатураны көрсетіп тұрады. Си тілдерінің жаңалықтар жиынының енгізілуінің арқасында Си# қосымшалардың тез өңдеуінің мүмкіндігін қамтамасыз етуімен қатар, өзіне тән айқындылық пен Си тілдеріне тән әдемілікті сақтайды.

Visual Studio.Net ортасы әралуан типті қолданбалар құруға арналған, мысалы, Windows-қолданба, консольды қосымша, кластар кітапханасы, веб-қолданбалар және веб-сервис.

Жоба құру үшін негізгі мәзірде Microsoft VisualC#2013Express→ Меню→Файл→Новый проект →Тізімнен Console Application (Консольное приложение) тандап→жоба атауын беріп және ОК батырмасын басамыз. Нәтижесінде *.cs кеңейтпесімен бір файлды жоба құрылады және мұнда бізді программаны жазамыз.

Тілдің алфавиті немесе оның символдары негізгі бөлінбейтін белгілер. Олардың көмегімен тілдегі барлық мәтіндер жазылады.

Лексема немесе элементарлы конструкция - өзіндік аты бар тілдің минималды бірлігі.

Өрнек-қандайда бір мәнді есептеу ережесін береді.

Оператор - қандайда бір әрекеттің аяқталған сипаттамасын береді. Күрделі әрекетті сипаттау үшін операторлардың тізбегі қажет етіледі. Операторлар құрама операторларға немесе болжқа біріктірілуі мүмкін. Бұл жағдайда олар бір оператор ретінде қарастырылады. C # тілінде блок болып фигуралы жақшаның ({ }) ішіне жазылған операторлар тізбегі алынады.

Препроцессор - программалардың алғашқы мәтінімен программа трансляторға түспей тұрып кейбір өзгерістерді жүргізуге арналған программа.

Тілдің алфавиті. C# тілінің алфавитіне кіретін символдар:

Латынның үлкен, кіші әріптері және төменгі сызықша;

Араб цифрлары;

Арнайы символдар: {, +, *, &

Бос орындық символдар: бос орын, табуляция

келесі жолға өту символдары жатады.

Лексема - өзіндік аты бар тілдің минималды бірлігі. Лексемалардың келесі түрлері бар: идентификаторлар, кіліттік сөздер(қызметші сөздер), амалдар белгілері, ажыратқыштар, литералдар.

Идентификатор – программалық объектінің аты. Идентификаторда латын әріптері, цифрлар және төменгі сызықша пайдаланылады. Үлкен және кіші әріптердің айырмашылығы болады. Мысалы *esep* деген идентификатор алайық, оны *esep*, *ESEP*, *EsEp* деп жазсақ, онда ол әртүрлі идентификатор болып табылады. Идентификатордың алғашқы символы әріп немесе төменгі сызықша болуы керек. Бос орындарды идентификатор алдында қолдануға болмайды. Идентификатор айнымалыны, функцияны, типтерді тағы басқаларды сипаттау кезінде құрылады. Стандарт бойынша идентификатордың ұзындығы шектелмеген, бірақ

кейбір компоновщиктер оның шектеуін қажет етеді. Идентификатор қызметші сөздерге сәйкес келмеуі қажет. Сонымен қатар идентификаторды төменгі сызықшадан бастамау ұсынылады [2].

Кілттік сөздер – компиляторлар үшін арнайы мағынаға ие идентификаторлар. Мысалы: byte, as, const, using, new және т.с.с.

Амалдар белгілері - операндаларға әрекеттер орындауды анықтайтын бір немесе одан көп символдар. М, a+=b өрнегінде +=амал белгісі , ал a, b-операндалар.

Операциялар унарлы, бинарлы және тернарлы болып бөлінеді.

Ажыратқыштар ажырату үшін немесе керісінше, элементтерді топтау үшін пайдаланылады.

C# пайдаланылатын амалдар белгілері мен ажыратқыштар:

1. {} [] () . , ; + - * / % & | ^ ! - = < > ? ++ && || << >> == != <= >= +=

2. -= *= /= %= &= |= ^= <<= >>= ->

Келесі кодтың бірнеше шаблондық жолдары болады.

```
using System;
using System.Collections.Generic;
using System.Linq;
using System.Text;
namespace HelloWorld
{
    class Program
    {
        static void Main(string[] args)
        {
        }
    }
}
```

Main функциясының жақшаларының арасына «Hello, World!» сөзін шығаратын бірнеше код жолын қосайық.

```
using System;
using System.Collections.Generic;
using System.Linq;
using System.Text;
namespace HelloWorld
{
    class Program
    {
        static void Main(string[] args)
        {
            Console.WriteLine("Hello, World!");
            Console.ReadKey();
        }
    }
}
```

Программаны компиляциялау және жүктеу үшін F5 батырмасын басу керек. Нәтижесінде сәйкес хабарлама шығады.

Мысал. Екі айнымалының қосындысын экранға шығару.

Нұсқа 1

```
using System;
using System.Collections.Generic;
using System.Text;
```

```
namespace ConsoleApplication1
{
    class Program
    {
        static void Main(string[] args)
        {
            int num1;
            num1 = 4;
            int num2;
            num2 = 5;
            Console.WriteLine(num1 + num2);
            Console.ReadKey();
        }
    }
}
```

Нұсқа 2

```
using System;
using System.Collections.Generic;
using System.Text;

namespace MyProgram
{
    class Program
    {
        static void Main(string[] args)
        {
            int num1;
            Console.WriteLine("Enter num1");
            num1 = Convert.ToInt32(Console.ReadLine());
            int num2;
            Console.WriteLine("Enter num2");
            num2 = Convert.ToInt32(Console.ReadLine());
            Console.WriteLine(num1 + num2);
            Console.ReadKey();
        }
    }
}
```

Қоғамымыздағы ғылым мен техниканың дамуы, жан-жақты дамыған адамзаттың қалыптасуын талап етеді. Бұл мәселенің шешімін табуда программалау тілдерінің орны ерекше. ЭЕМ-ді адам қызметінің әртүрлі салаларында пайдалану үшін программалау тілдерін меңгеру және сол тілдерде жазылған программаларды қолдана білуі қажет. Қазіргі кезде программалау тілдерінің түрлері өте көп. Си программалау тілдерінің тобы көптеген есептерді сипаттауға және есептеу процестері мен өңдеу жұмысын жасаудың алдыңғы қатарлы механизмін құрайтын көрнекті де ыңғайлы программалау тілдері. Бұл топ тілдерінің құрылымы қолданушыға өзінің жұмысында төменнен жоғары жобалау, құрылымды программалау және модульдарды сатылап жобалау, жылдам орындалатын ықшамды программалау құру жолдарын қолдануға мүмкіндік береді [3].

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. А. Хейлсберг, М. Торгерсен, С. Вилтамут, П. Голд . Язык программирования С#, 2010.
2. Э. Стиллмен, Дж. Грин. Изучаем С#, Питер, 2011.
3. Т.А.Павловская С# Программирование на языке высокого уровня, Санкт-Петербург, 2008.

Шалтабаев А.А., Сергазинова Э.С., Есенғабылов Ы.

Программирование в среде С# и алфавит языка

В статье описан язык программирования С# и его возможности. А также описан алфавит языка программирования, даны фрагменты кодов программы.

Ключевые слова: объектно-ориентированный язык программирования, код, дизайн, язык программирования, алфавит.

A.A. Shaltabayev, E. Sergazinova, Y. Esengabylov

Programming in C # and the Language Alphabet

The article describes the programming language C #, its capabilities. And also the described alphabet of the programming language, fragments of program codes are given.

Key words: object-oriented programming language, code, design, programming language alphabet.

**ЖАРАТЫЛЫСТАНУ-
ТЕХНИКАЛЫҚ
ҒЫЛЫМДАР**

**ЕСТЕСТВЕННО-
ТЕХНИЧЕСКИЕ
НАУКИ**

**NATURAL-TECHNICAL
SCINCES**

ӘОЖ 91(091)

ЖЕТІСУ ӨңІРІ ТАБИҒАТ ЖАҒДАЙЛАРЫНЫҢ РЕКРЕАЦИЯЛЫҚ ТАРТЫМДЫЛЫҒЫН ГЕОЭКОЛОГИЯЛЫҚ БАҒАЛАУ

Баймырзаев Қ.М.

І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қ.

Мақалада Жетісу өңірі табиғат жағдайларының туристік-рекреациялық іс-әрекеттерді дамытуға қолайлылығын геоэкологиялық бағалау мәселелері қарастырылған. Таулы аумақтардағы жер бедерінің геоморфологиялық қасиеттері, биоклиматтық жағдайлары мен өсімдіктер жамылғысы, су, гляциологиялық басқа да ресурстардың туризм мен демалысты дамытудағы алатын орны анықталған. Жетісу өңірі табиғат жағдайларының қолайлылығын геоэкологиялық бағалау қағидалары, ұстанымдары және ескерілетін негізгі факторлары, сонымен қатар өңір ландшафттарын рекреациялық қолайлылығына қарай жіктеу жұмыстары жүргізілген.

Тірек сөздер: *метеорологиялық факторлар, геоэкологиялық ресурстар, ландшафт, геоэкология, туризм.*

Шипажайтанушылар мен гигиенатанушылар адам ағзасы жағдайына тұтастай алғанда ауа райының кешенді метеорологиялық факторлары тікелей әсер етеді деп санайды. Климат жағдайлары мен ландшафттың үйлесімділігі табиғат жағдайларының қолайлылығын түзеді. Табиғат өз кезегінде белгілі бір аумақ ландшафттарының адамдардың өмір сүру жағдайларының медициналық-биологиялық және әлеуметтік-психологиялық тұрғыдан қолайлылығын тудырады. Табиғи ортаның қолайлылығы адамдар тұрақты тұратын жерлерінде қалыпты өмір сүру әрекетін қамтамасыз ететін оңтайлы психофизиологиялық жағдай болып саналады. Сондықтан демалыс орындарын таңдағанда жергілікті жердің табиғат жағдайларының қолайлылығына қойылатын талап жоғары болады.

Жетісу өңірі табиғат жағдайларының туризм мен демалысты ұйымдастыруға қолайлылығын бағалау барысында табиғи ортаның туристік-рекреациялық іс-әрекеттерді жүргізуге қолайлылығының 34 көрсеткіштеріне талдау жасалды: олардың 23-і климаттық, 11-і климаттан тыс болды. Бұл көрсеткіштер бес балдық өлшеммен жүргізілді. Ең жоғарғы – 5 балл табиғат жағдайлары адам өміріне аса қолайлы, ең төменгі – 1 балл қолайлылығы өте төмен. Өлшенген балдардың жиынтығы Жетісу өңірі табиғатын қолайлылық дәрежесіне қарай үш топқа бөліп қарастыруға болатынын көрсетті. Атап айтсақ, табиғат жағдайлары адамның өмір сүру әрекетіне аса қолайлы (3,7-5,0 балл), қалыпты қолайлы (3,0-3,6 балл), шамалы қолайлы (2,0-2,9 балл) [1].

Жүргізілген зерттеу нәтижелері Жетісу өңірінің теңіз деңгейінен 800-1100 аралығындағы сумен жақсы қамтамасыз етілген Тентек, Лепсі, Қаратал, Бурақожыр, Өсек, Қорғас, Шарын, Шелек, Түрген, Есік, Талғар, Қаскелең, Шамалған, Қарғалы, Ұзынағаш өзендерінің орта ағысын қамтитын тауалды жазықтары, Қапал мен Жаркент ойыстары рекреациялық іс-әрекет пен емдік-шипажайлық рекреацияны дамытуға аса қолайлы және қалыпты қолайлы аумақтар қатарына жатқызуға болатынын көрсетті. Аталған аумақтардың тауалды күңгірт қызғылт қоңыр топырақты астық тұқымдас әртүрлі шөптесін өсімдікті, бұталы-шалғынды және тартымдылығымен ерекшеленетін алма ағашты-көктеректі әртүрлі шөптесін өсімдікті ландшафттары мен өзен аңғарларының жайылмаларында өсетін көктеректі-талды тоғайлары адамдардың жұмыс істеу қабілеттері мен психологиялық-физиологиялық жағдайын қалпына келтіруді қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін қасиеттерге ие болуымен ерекшеленеді. Олар табиғаттың физикалық-географиялық күйі түрінде сипатталатын адамдардың рекреациялық қажеттіліктерін қамтамасыз ететін ресурстар мен орта жағдайы ретінде қарастырылады. Бағалаудың маңызды көрсеткіштерінің шамасын

іріктеу нышаны ретінде демалушылардың жеке рекреациялық қажеттіліктерін өтейтін аумақтық табиғат кешендерінің қасиеттері алынады. Себебі, табиғаттың құрамдас бөліктерінің үйлесуінен түзілетін табиғат кешендері демалушылардың әрі рекреациялық қажеттілігін қамтамасыз ететін ресурс, әрі орта жағдайы қызметін атқарады.

Табиғат жағдайларының рекреациялық қолайлылығын геоэкологиялық бағалау әдісінің негізгі міндеті рекреациялық іс-әрекеттің түрлері мен циклдары үшін аумақтық табиғат кешендерінің қолайлылық дәрежесін анықтау болып табылады. Ландшафттарды рекреациялық бағалауды төменде көрсетілген факторлар айқындайды:

1. Белгілі бір уақыт шегінде аудан бірлігімен өлшенетін аумаққа ешқандай залал келтірмейтіндей мөлшерде келе алатын адам санының шегіне сәйкес келетін ландшафттардың сыйымдылығы. Аумақтың рекреациялық сыйымдылығын есептеу үшін аумақтық табиғат кешендерінің құрылымы, ауданы мен рұқсат етілген салмақ шегінде ландшафттардың өзгеріске тұрақтылығын білу қажет;

2. адам ағзасына қолайлы әсер етіп, еңбекке қабілеттілігін қалпына келтіретін психологиялық және психофизикалық факторлардың әсерін қамтамасыз ететін табиғи және мәдени жағдайлардың үйлесімділігінің жиынтығы болып табылатын ландшафттың рекреациялық әлеуеті;

3. белгілі бір ландшафттардың адамдардың өмір сүру жағдайлары медициналық-биологиялық, тұрмыстық қолайлылығының үйлесімділігін анықтайтын рекреациялық қолайлылығы;

4. аумаққа түсірілетін рекреациялық салмақтың рұқсат етілген шегі деңгейінің көрсеткіші болып саналатын табиғи ортаның ең нәзік құрамдас бөлігі өсімдіктер жамылғысымен өлшенетін ландшафттардың өзін-өзі қалпына келтіру дәрежесі [2].

Табиғатта демалуға әсер ететін басты тартымдылыққа ландшафттардың эстетикалық қасиетін айқындайтын өзіне тән бірегейлігі, адам эмоциясы мен сезіміне әсер ететін көркі жатады.

Алматы облысының 1: 600 000 масштабты ландшафттық-экологиялық картасына және оқу-жаттығу жорықтары мен физикалық-географиялық іс-тәжірибе барысында жүргізілген бақылауларға жасалған талдаудың негізінде біз ландшафттық жергілікті жерлердің шекарасына сәйкес келетін рекреациялық іс-әрекеттерге жарамдылық дәрежесі әртүрлі бес жергілікті жер типін анықтадық [1-кесте].

1-кесте. Жетісу өңірінің рекреациялық жергілікті жерлерін тартымдылығына қарай жіктеу

| Рекреациялық іс-әрекетке қолайлығы аса жоғары | Рекреациялық іс-әрекетке қолайлылығы жоғары | Рекреациялық іс-әрекетке қолайлылығы салыстырмалы жоғары | Рекреациялық іс-әрекетке қолайлылығы төмен | Рекреациялық іс-әрекетке қолайсыз |
|---|---|--|--|-----------------------------------|
| Жетісу Алатауы | | | | |
| Мұқыры-Баянжүрек | Алмалы-Шыбынды | Қоңыроба-Көкжота | Тоқсанбай-Тышқантау | Бесбақан-Тастау |
| Алтынемел-Үйгентас | | | Малайсары-Шағантау | Шолақ-Сарыбөктер |
| Іле Алатауы | | | | |
| Орталық Іле Алатауы | Шығыс Іле Алатауы | Батыс Іле Алатауы | | |
| Күнгей Алатауы | | | | |
| Жалаңаш | | Қарқара | Жоғарғы Шелек | |
| Бөгеті-Шарын | | | | |

| | | | | |
|---------------------|-------------------|----------------------|-----------------------|---------------------|
| Теріскей Алатау | | | | |
| | Баянкөл-Хантәңірі | | | |
| Ұзынқара жотасы | | | | |
| | | Оңтүстік Ұзынқара | Солтүстік Ұзынқара | |
| Іле ойысы | | | | |
| Қапшағай-Сарыбұлақ | Жаркент-Қоңырөлең | | | |
| Балқаш-Адакөл ойысы | | | | |
| Тентек-Жаманты | Ақсу-Лепсі | | Іле-Қаратал | Жалаңашкөл-Біргайты |

1. *Рекреациялық іс-әрекеттерді жүргізуге аса қолайлы жайылмалық жергілікті жерлер типі.* Жергілікті жерлердің бұл типі Жетісу өңірінің мұздықтармен және еріген қар суларымен қоректенетін ірі өзен аңғарларының көктемде, сонымен қатар жазда су басатын жайылмаларын қамтиды. Олар негізінен Тентек, Лепсі, Қаратал, Буракожыр, Өсек, Қорғас, Шарын, Шелек, Түрген, Есік, Талғар, Қаскелең, Шамалған, Қарғалы, Ұзынағаш өзендерінің тауалды жазықтары мен аласа таулы бөліктеріндегі орта ағысында таралған. Жергілікті жердің жайылмалық типтерінде сипаты алуан түрлі рекреациялық құрылымдар дамыған. Атап айтсақ, Алматы, Талғар, Буракожыр, Қаратал, Бүйен өзендері аңғарында су көзі мен тоғайларда салынған емдік сауықтыру мекемелері, жағажайлық демалыс аймақтары, туристік базалар сияқты туризм мен демалыс инфрақұрылым нысандары шоғырланған [3].

Халық жиі қоныстанған (тығыз орналасқан) ірі, орташа және шағын қалалар шоғырланған Алматы, Талғар, Қаскелең, Қаратал, Өсек өзендері аңғарларына түсірілетін рекреациялық салмақ пен өндіріс қалдықтарымен ластану дәрежелері жоғары болғандықтан аталған аумаққа түсірілетін рекреациялық салмақты азайту шараларын жүргізуді қажет ететінін көрсетті. Рекреациялық іс-әрекеттер циклының басым типтеріне серуендік-жаяу жорықтар, жартасқа өрмелеу, тау шаңғысы альпинизм сияқты спорттық, саяжайлық рекреация және өзен жайылмаларында жидек, дәрілік өсімдіктерді жинау жатады.

2. *Рекреациялық іс-әрекеттерді жүргізуге қолайлы орташа биік таулы ормандар мен шалғынды жерлер типі.* Теңіз деңгейінен биіктіктің біртіндеп артуына байланысты Жетісу өңіріндегі таулы алқаптарды үш биіктік белдеуіне бөліп қарастыруға болады.

Аласа таулы белдеу шатқалдың 1000-1600 метр биіктікке дейінгі бөлігін қамтиды. Көксу, Талғар, Алматы, Есік, Түрген өзендері ағатын сайдың табаны мен суайрықтардың арасындағы өзара биіктік 500-600 метр, ал беткейлердің көлбеулігі 15-25° аралығында ауытқиды. Өзен аңғарларының табандары біртіндеп биіктейтіндіктен, туристік-рекреациялық тұрғыдан біршама жақсы игерілген Қора, Көксу, Лепсі, Талғар, Есік, Алматы өзендері аңғарының аласа таулы бөліктерінің көліктік қолжетімділігі біршама жоғары.

Қыста инверсия құбылысы байқалатындықтан, қаңтардың орташа температурасы 3-5°C төмен түспейді. Тұрақты қар жамылғысы қазанның соңы мен қарашаның ортасында қалыптасып наурыздың соңы мен сәуірдің бірінші онкүндігіне дейін 160-170 күн сақталады. Ылғалды жылдары 48-60 сантиметрден асса, құрғақшылық жылдары 30-40 сантиметрден аспайды [3].

Шаңғы, шанамен еркін сырғанау сияқты қысқы рекреацияны қарқынды дамытуға қолайлы тау беткейлерінде қар 5 айға дейін сақталады. Шаңғымен серуендеуге қажетті қардың қалыңдығы желтоқсанның үшінші онкүндігінде қалыптасады. Жер бетінің қатты қызуына байланысты шілденің екінші жартысы мен қыркүйектің бірінші онкүндігінде ашық жауын-шашынсыз ауа райы қалыптасады. Ашық қоңыржай жылы жаз Аласа таулы

алқаптарда сауықтыру-серуенін, жашпай бұқаралық сипаттағы демалысты, емдік-сауықтыру бағытындағы туризмді дамытуға қолайлы кезең болып табылады.

Аласа таулы алқаптардың етегіндегі малтатасты-сазды жыныстардағы алювиальды-проалювиальды таудың қызғылт-қоңыр және қара топырағындағы шалғынды-дала, бұталы-шалғынды өсімдіктер өсетін 1000-1400 метрге дейінгі белесті-жалды аласа таулы бөлігі бұқаралық сипаттағы спорттық-сауықтыру туризмі мен демалысты жыл бойы ұйымдастыруға ең қолайлы аумақ болып табылады.

1400-1600 метр биіктік арасындағы өзен аңғарларымен тілімделген шатқалының табаны мен тау жоталарының теріскей беткейлеріндегі әктасты-алевромитті және құмтасты-қиыршық тасты жыныстардағы таудың қызғылт-қоңыр және қара топырағында алма ағашты-мойылды-көктеректі тоғайлар мен бұталы шалғынды белесті-жалды белдеу орналасқан.

Орташа биіктіктегі таулы белдеудің солтүстік беткейінде 1600-1800 және 2200-2400 метр биіктік аралығында шыршалы ормандар мен биік шөптесін өсімдікті шалғындар, оңтүстік беткейінде ұсақ жапырақты ормандар мен бұталар, орманды шалғындар мен аршалы-шалғынды далалар, батыс беткейлерінің төменгі бөлігінде алмалы-доланалы жеміс ағаштары, орта бөлігінде қылқанжапырақты ормандар тараған.

Өзен аңғарындағы алма ағашты-көктеректі-мойылды тоғайлар мен бұталы-шалғындардың хош иісті озонға бай мөлдір таза ауасы демалушылардың көңіл-күйіне жағымды әсер етіп, психофизикалық жағдайын қалпына келтіруге мүмкіндік беретін ең қолайлы аудан болып табылады. Сондықтан таза ауада серуендеу, күн және ауа хауызын қабылдау, сауықтыру шомылуы, тау шанғысы, тау велосипеді, атпен серуендеу сияқты туризм мен демалыстың бұқаралық сипаттағы түрлерін жыл бойы дамытуға болады [4].

1600-2600 метр биіктік аралығындағы қаңтардың орташа температурасы -10° болса, шілденің орташа температурасы $+10^{\circ}$ -ден артпайды. Жауын-шашынның басым бөлігі сәуір, маусым айларында түседі. Оның мөлшері 600-1000 мм шамасында. Жауын-шашынды және бұлтты күндердің көп болуына байланысты шілде, тамыз айларындағы туризм мен демалысты ұйымдастыруға метеорологиялық қолайлылығы орта биіктіктегі таулы белдеуде 34%-ды құрайды. Орташа биіктіктегі таулы белдеуде ашық күндердің санының артуына байланысты жартасқа өрмелеу, альпинизм, сноуборд, тау велосипеді қысқамерзімді сауықтыру серуені, күн және ауа хауызын қабылдау сияқты туризм мен демалыстың жеке түрлерін дамытуға ең қолайлы мерзім шілденің екінші жартысы мен тамыз айы болып табылады.

Бұл кезеңде 2000-2600 метр биіктік аралығының өзінде күндіз температура $+20-25^{\circ}\text{C}$ болса, түнде $5-6^{\circ}\text{C}$ төмен түспейді. Әктасты-құмтасты шөгінді жыныстардан тұратын жалды-жонды болып келетін орта биіктіктегі таулы белдеудегі шатқалдың табанымен тау беткейлеріндегі таулы шалғынды және таулы орман топырақтарында аққайыңды-көктеректі-шетенді жалпақ жапырақты және май қарағайлы-шыршалы ормандар мен астық тұқымдас әртүрлі шөптесін өсімдікті шалғындар таралған.

Рекреациялық іс-әрекетке қолайлы жерлердің бұл типі негізінен Жетісу Алатауы, Күнгей, Теріскей және Іле Алатауының 1200-2800 дейінгі орташа биік таулы белдеулердің теріскей беткейлеріндегі доланалы-мойылды, көктеректі-қайыңды, шыршалы-шетенді қылқанжапырақты шыршалы ормандарымен кезектесіп келетін биік астық тұқымдас әртүрлі шөптесін өсімдікті шалғындарын қамтиды.

Екінші деңгейдегі биіктік белдеуге ежелгі төрттік мұзбасуларының абляция аймағында түзілген ысырылу конустары айқын байқалатын денудациялық-тектоникалық жер бедері басым [5]. Ежелгі мұздықтардың қозғалу аймағында тар шатқалды терең өзен аңғарлары, абляция аймағында жергілікті халық мыңшұңқыр атап кеткен циркті ойыстар мен мореналы төбелер түзілген. Жоғарыда аталған циркті ойыстар мен Жаманқотырмас, Баянжүрек сияқты гранитті алқаптардағы жұмырланған қойтастар мен ысырынды жыныстар анық байқалатын стратиграфиялық кималар маңызды геологиялық соқпақтары мен бағыттарды құруға мүмкіндік береді.

Сел мен қар көшкіннің қаупі болуына қарамастан Жетісу өңірінің орташа биіктіктегі таулы бөлігінде рекреациялық нысандарды салуға қолайлы жағдайлар бар. Қазіргі кезеңде ғылыми-танымдық, аң аулау, серуендік сауықтыру, экологиялық туризмді дамытып, шетелден туристерді тарту мақсатында ірі өзен аңғарларындағы орман шаруашылығының кордондарында туристік соқпақтар мен қызмет көрсету нысандарын салу қолға алынған.

3. *Рекреациялық іс-әрекетке салыстырмалы қолайлы астық тұқымдас әртүрлі шөптесін өсімдікті тауалды жазықтары мен астық тұқымдас әртүрлі шөптесін өсімдікті бұталы шалғынды аласа таулы белдеу.* Туристік-рекреациялық іс-әрекетті ұйымдастыруға салыстырмалы қолайлы жерлерге Жетісу өңіріндегі тау алды жазықтарының ірі өзен аңғарларының аралығындағы суайрықтар мен аумақтық табиғат кешендерінің ауысуы айқын байқалатын аласа таулы 800-1600 метрге дейінгі аласа таулы белдеулер жатады. Сай салалар мен жер асты суы жер бетіне жақын жатқан көктеректі-доланалы тоғайларда «Қапал Арасан», «Керімағаш», «Жаркент-Арасан», «Көктем», «Түркісіб», «Алма-Арасан» сияқты шипажайлар, балалардың сауықтыру орындары мен туристік базалар шоғырланған.

4. *Рекреациялық іс-әрекетке қолайсыз биік таулы белдеу* Жетісу өңірінің таулы алқаптарының 2800-4500 метр биіктіктегі биік таулы бөліктерін қамтиды. Теңіз деңгейінен биікте орналасуына байланысты эрозиялық-денудациялық және тік беткейлі альпілік жер бедері басым. Жауын-шашынның мол түсуінің әсерінен қазіргі мұзбасулардың ірі орталығы болуына байланысты 2 және 3-дәрежелі альпинизмді, танымдық туризмді дамытуға мүмкіндік береді [3].

Іле Алатауындағы халықаралық маңызы бар «Шыңбұлақ» тау шаңғысы шипажайынан кейінгі Жетісу өңіріндегі күрделілігі төменгі, орташа дәрежедегі альпинизм мен тау туризмін, тау шаңғысы хелликсиді, ғылыми-танымдық туризмді дамытуға ең қолайлы ауданның бірі Жетісу Алатауындағы Қора, Қоржынтау, Жаманкөл, Арасан, Шыжы, Көксу өзендерінің суайрығы болып табылатын Аралтөбе, Безсонов, Тронов, Аюсай, Сапожников, Лагерный, Алтынсарин мұздықтары болып табылады [6].

Жетісу Алатауының ең биік бөлігі болып табылатын Басқан өзенінің бастауында Бесбақан (4622 м), Шумский (4442 м) шындары орналасқан. Олардың әртүрлі спорттық біліктілігі бар альпинистер үшін маңызы зор. Таудың бұл ауданындағы ең аласа асу Талды болып табылады (3504 м). Жер бедері салыстырмалы түрде тегіс жұмыр болып келетіндіктен, біліктік жоталардың шындары мен жалдарын қазіргі мұздықтардың фирн алаңдары жауып жатыр.

Қазіргі кезеңде экстрималды сипаттағы тау туризмі мен альпинизм қарқынды дамыған ауданның бірі Іле Алатауының Талғар мен Қаскелең өзендері бастау алатын биік таулы мұздықты алқаптардағы тау шындары мен асулары болып табылады. Онда 1-2, 3б дәрежелі құрамдасқан альпинистік және Ыстықкөлге баратын экстрималды сипаттағы таулы туристік бағыттар қалыптасқан [7]. Олардың қатарына Ұзын Қарғалы және Кіші Кеін өзендері бастау алатын Қарғалы асуы (3750 м), Текетау шыңы (4190 м), Қаскелең өзені алабындағы біліктілігі 3б дәрежелі Аққұм (4098 м), Тұр (4350 м), Ақсай мен Қарғалы өзендері бастау алатын Геологтар (4300м), Шоқтас (4100м) тағы басқа шындар мен асулар бар [2-кесте].

5. *Рекреациялық іс-әрекетке тартымдылығы төмен жусанды әртүрлі шөптесін өсімдікті тауалды шөлейтті-далалы жерлер.* Рекреациялық іс- әрекеттерді ұйымдастыруға жарамдылығы төмен алқаптар Жетісу өңірінің таулы алқаптарының Балқаш-Алакөл, Іле, Қоңырөлең-Жаркент ойыстарына ұласатын суармалы егіншілік жақсы дамыған халық жиі қоныстанған ауылшаруашылығында қарқынды қолданылатын ауылдық және қалалық елдімекендердің маңындағы тауалды жазықтарында таралған.

2-кесте. Жетісу Алатауының жер бедерінің сипаты мен әртүрлі биіктік белдеулеріндегі туристік-рекреациялық іс-әрекеттердің типтері [5]

| Биіктік зоналардың аты | Қамтылатын биіктіктер | Тау беткейлерінің келбеулігі | Биіктік айырмасы, м | Рекреациялық іс-әрекеттің типтері | Туристік іс-әрекеттердің түрлері |
|-----------------------------|-----------------------|------------------------------|---------------------|---------------------------------------|---|
| биік таулы мұздықты | 3300-4500 м | 28-30° | 700-1000 | альпинизм және тау туризмі | <i>Альпинизм және тау туризмі:</i> күрделілігі орташа (3а-4б) және төменгі (1а-2б) дәрежедегі альпинизм, ғылыми-танымдық және тау туризмі, тау шаңғысы, хелиски |
| биік таулы-тасты | 3000-3300 | 25-27° | 600-900 | | |
| орташа биік таулы шалғындар | 2400-3000 м | 20-25° | 400-500 | таулы туристік, спорттық сауықтыру | <i>Спорттық-туристік:</i> тау туризмі, тау шаңғысы, сноуборд, жартасқа өрмелеу т.б. <i>Серуендік-сауықтыру:</i> қысқамерзімді сауықтыру серуені, бір күндік жорықтар, шипажайда емделу |
| аласа таулы бұталы | 1000-1600 м | 20° | 200-250 | бұқаралық сипаттағы сауықтыру серуені | емдік-сауықтыру: шипажайлық емделу, емдік серуендер, климаттық терапия, күн және ауа хауыздарын қабылдау. <i>Спорттық сауықтыру:</i> тауда және жазықта шаңғы тебу, шанамен еркін сырғанау, емдік шомылу, тау велосипеді, атпен серуендеу туризмі. Саяжайлық рекреация: саяжайда демалу, бағбандық. <i>Мәдени-танымдық:</i> саяхаттар, экотуризм, өнер фестивальдары, спорттық жарыстар |

Қазіргі кезеңде туризм мен демалысты дамытуға кеңінен қолданылатын қала маңы мен көл жағалауларындағы аумақтық табиғат кешендерінің жағдайы мен олардың қызметік мүмкіндіктерінің төмендеуі тұрақты үрдіске айналууда. Аталған мәселені шешу үшін қала маңындағы урбандалған ландшафттардың қалыпты жағдайда сақталуын басқару жүйесінің тиімділігін арттыру қажет. Оны аумаққа түсірілетін рекреациялық салмақтың шегін белгілеу негізінде ғана шешуге болады. Белгілі бір табиғат кешендеріне түсірілетін рекреациялық салмақтың шегін жасау қандай да бір аумақтың қалыпты қызметінің тұрақтылығын сақтауды қамтамасыз ететін пайдалану көлемі мен тәртібін анықтауға мүмкіндік береді.

Рекреациялық іс-әрекет адамдардың демалысы мен емделуі барысында пайдаланылатын табиғат ресурстары қорының болуын қажет етеді. Рекреациялық салмақтың ең жоғарғы шегі сәйкес келетін аудан бірлігіне шаққандағы адам санымен есептелетін рекреациялық сыйымдылықпен өлшенеді. Олардың шегі жүргізілетін рекреациялық іс-әрекеттің мамандануын айқындайтын инженерлік құрылыстары бар қалыптасқан инфрақұрылым нысандарының болуына, аумақтың ауылшаруашылық айналымына тартылуына тікелей байланысты болады. Себебі аумақты рекреациялық іс-әрекетте пайдалану барысында табиғаттың әртүрлі құрамдас бөліктері технологиялық үрдістеріне

тартылып, демалушыларды тарту үшін барлық қасиеттері экологиялық талаптар шегіне сәйкес келетін мәдени ландшафттарды құру үшін аумақтық табиғат кешендерін жоспарлау және түлету бағытында жұмыстар жүргізіледі.

Географтардың міндеті физикалық-географиялық аудандастыру, табиғи және табиғи-техникалық геожүйелерді оқып-үйрену негізінде табиғаттың қолайлылығын ескере отырып, табиғатты қорғау және ландшафтты жоспарлау мақсатында рекреанттардың оңтайлы санын белгілеу және тиімді рекреациялық инфрақұрылымдарды құруды көздейтін ұсыныстар енгізу болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Егорова Л.И. Экология туризма и сервиса: учеб. Пособия для студ. Вузов по географии экол.специальностям.-М.: Финанс и статистика, 2003.-203с.
2. Диденко-Кислицина Л.К. Кайнозой Юго-Восточного Казахстана.-Алматы: 2001.- С.7-8.
3. Попов В.И., Гуляева Т.С., Абулхатаева Л.Ю., Пиманкина Н.В., Гасанова Н.П., Буланин С.Ф. Рекреационная оценка горных территорий Казахстана.- Алматы: Эверо, 2003. - С. 101-102.
4. Чупахин В.М. Высотные геосистемы гор Южного Казахстана и Средней Азии. - Алма-Ата: Наука, 1974.- С. 165-186.
5. Пузырева А.А. Климатическое районирование Южного Казахстана. – АлмаАта: Наука, 1975.- С. 174-180.
6. Попов И.В. Рекреационная оценка горных территорий. –Алматы: Эверо, 2000.- С.98-106.

Баймырзаев К.М.

Геоэкологическая оценка рекреационной привлекательности природных условий Жетысуского региона

В статье рассмотрены вопросы геоэкологической оценки природных условий Жетысуского региона. Определено значение геоморфологических свойств рельефа, биоклиматических условий, растительных, водных, гляциологических и других ресурсов для развития горного туризма и отдыха. Раскрыты принципы и критерии геоэкологической оценки природных условий. Приведена классификация ландшафтов Жетысу по рекреационно-туристской привлекательности территорий.

Ключевые слова: метеорологические факторы, геоэкологические ресурсы, ландшафт, геоэкология, туризм.

K. Baimyrzaev

Geoecological assessment of recreational attractiveness of Zhetysu natural conditions

The questions of geoecological assessment of natural conditions of Zhetysu region are considered in the article. The importance of the geomorphological properties of the relief, bioclimatic conditions, vegetation, water, glaciological and other resources for the development of mountain tourism and recreation is determined. The principles and criteria for the geoecological assessment of natural conditions are disclosed. Classification of landscapes of Zhetysu by recreational and tourist attractiveness of territories is given.

Key words: meteorological factors, geoecological resources, landscape, geoecology, tourism.

ӘОЖ 6327.727.3

ЖЫЛЫЖАЙДАҒЫ ҚЫЗАНАҚТЫҢ АУРУЛАРЫ МЕН ЗИЯНКЕСТЕРІ ЖӘНЕ ОЛАРҒА КҮРЕС ШАРАЛАРЫН ЗЕРТТЕУ

Акмуллаева А.С., Тәңірбергенова А.А.

*І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қ.,
aiko080995@mail.ru*

Мақалада жылыжайдағы қызанақтың аурулары мен зиянкестері және оларға күрес шаралары зерттелген.

Тірек сөздер: *жылыжай, қызанақ аурулары, қызанақ зиянкестері, ақ ұнтақ, бактериоз, жылыжай ақ қанаты, бақша бітесі, кәдімгі өрмекші кенесі, беріш нематодасы.*

Көкөніс дақылдары теплицалар мен парниктерде және басқа жылы жайларда жасанды климатта өсіріледі. Егіс даласымен салыстырғанда мұнда ауа мен топырақтың температурасы және ылғалдылығы әдетте жоғары әдетте жоғары және топырақтың құрамы оған түсетін жарық та өзгеше болады. Мұнда арнайы жағдайлар мен осы дақылдардың басқа дақылдармен алмастырмай өсіруі зиянды организмдердің көптеген түрлерінің жаппай көбейіп, қорлана беруіне мүмкіншілік тудырады.

Жылы жайларда өсірілетін көкөніс дақылдары зиянкестер мен аурулардың фаунасы: ашық алаңдарда үнемі кездесетін қолайлы жағдайда еніп кететін кәдімгі жергілікті түрлер (капуста шыбыны, крестігүлділердің бүргелері, бұзаубас, кара шегірткелер, сымқұрттар, жалаңаш шырыштар, бітелердің бірқатар түрлері, темекі трипсісі, өрмекші кенелер және т.б. түрлер) ал аурулардың әкелінген, жылы жайларды мекендеуге бейімделген жылы сүйгіш түрлер (теплица ақ қанаты, беріш нематодалары және т.б.) [1].

Жылы жайларда өсірілетін көкөніс дақылдарының зақымдауға маманданған зиянкестердің барлығының ауыз аппараты шаншып-сорғыш, полифагтар және көбею потенциалы жоғары дәрежеге көтерілген поливольтинді түрлер. Мұндай ерекшеліктерінде олардың жылы жай жағдайында (температура мен ылғалдылықтың жоғары болуы, дақылдардың ұзақ уақыт, кейде жыл бойы, үздіксіз өсірілуі) олардың қарқынды түрде жаппай өсіп-өнуіне көбеюіне мүмкіншілік тудырады [2].

Жылыжай күн сәулесімен, биологиялық (биологиялық отынның жылуы есебінен) және техникалық жолмен (ыстық су, бу, электр және т.б.) жылытылады. Ол табиғи жолмен де (желгек немесе фрамуга арқылы) немесе қолдан да желдетіліп тұруы мүмкін. Қандай мақсатқа арналғанына, пайдалану мерзіміне, жылыту түріне, қолданылған құрылыс материалына байланысты жылыжайдың құрылымы түрліше болуы ықтимал. Жылыжайды бір еңісті, екі еңісті, блокты деп бөледі. Көбінесе екі еңісті жылыжайлар салынады, оның жарық түсетін жазықтығы шығысқа және батысқа қарап тұруы тиіс. Жабын ретінде әйнек немесе синтетикалық үлдір (міндетті түрде полиэтилен) пайдаланады. Жылыжай дақылдарын тікелей топыраққа отырғызады немесе үлдіріктерде есіреді [3].

Қызанақ – алқа тұқымдасына жататын бір және көп жылдық шөптесін өсімдіктер. Сабағының биіктігі 30 — 40 см-ден жоғары. Жапырағы қауырсын тәрізді. Гүлінің түсі сары, жемісі — екі не көп ұялы жидек, пішіні әртүрлі. Салмағы 25 — 500 г, кейде 800 — 900 г-ға дейін жетеді. Қызыл, сарғыш жемісінің құрамында 4,5 — 8,1% құрғақ зат, 3,5 — 8,5% органикалық қышқыл, минералдық тұздар, С витамині, В, РР тобының витаминдері, каротин бар.

2016-2017 жылдар аралығында жылы жайдағы қызанақ аурулардың түр құрамы анықталды. Аурудың таралу дәрежесін жалпылама әдістемелік нұсқаулармен анықталды. Онда қызанақ кептірілген жинақтамасы жасалып, аурулардың түрлері, таралуы, қоздырғыштары фитопатологиялық, микологиялық әдістері арқылы анықталды. Жылдық

мониторингтік сараптама бойынша аурудың пайда болуы және таралуы қызанақтың гүлдеу және сүттену кезеңінде жоғарғы көрсеткішке жеткен.

Жылы жайда шоғырланған аурулар өсімдіктің залалдану дәрежесіне байланысты анықталады. Ол үшін сабақ, жапырақ бетіндегі бөртпелер мен әр түрлі формалы, көлемді дақтардың таралуы пайыздық көрсеткішпен анықталады. Кейбір аурулардың сандық есебін бір стандартқа келтіру үшін оларға жеке есептеу шкаласы шығарылған. Талдаудағы өсімдіктің жапырақтары мен сабақтарының залалдануын осы шкаламен салыстыру арқылы анықтайды (1-сурет).



Сурет 1. І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің жылыжайы

І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің жанындағы жылыжайда жүргізген зерттеулерде өсімдіктің әр өсіп-даму кезеңінде аурудың таралу динамикасы анықталды. Жапырақтардың жалған ақ ұнтақ ауруымен залалдануын 5-балдық шкала бойынша анықталды:

0 – ауру белгісі жоқ;

1 – бөртпе саны 5-ке дейін, дана;

2 – бөртпе саны 5-тен артық, дана;

3 – бөртпе саны есептеуге келмейді;

4 – бөртпе саны өте көп, өсімдік жапырағын түгел қамтып, жапырақ қынабына, сабаққа таралған.

Жапырақтағы жалған ақ ұнтақ және септориоз ауруларын төмендегі шкала бойынша анықтайды:

0 – залалдану белгісі жоқ;

0,1 – бірін-саран дақтар;

1 – жапырақ бетін 10% қамтиды;

2 – жапырақ бетін 25% қамтиды;

3 – жапырақ бетінің 50% немесе жартысынан көбі залалданған;

4 – өсімдік толығымен залалданған;

Аурудың таралуы және өсімдіктің зақымдануы пайыздық көрсеткіш бойынша мына теңдеумен анықталады (1):

$$P = \frac{n \times 100}{N}; \quad (1)$$

мұндағы,

P – аурудың таралуы (%);

N – жалпы өсімдік саны;

n – ауру өсімдік саны;

Өсімдік мүшесіндегі аурудың даму және залалдану дәрежесі мына теңдеу бойынша

анықталады (2):

$$R = \frac{av \times 100}{A \times K}; \quad (2)$$

мұндағы,

R – аурудың дамуы, %;

a – бірдей зақымданған өсімдік саны;

v – зақымданудың сәйкестік баллы;

A – тізімдегі өсімдік саны;

K – шкаладағы ең жоғарғы балл;

Жылы жайларда өсірілетін көкөніс дақылдары зиянкестер мен аурулардың фаунасы: ашық алаңдарда үнемі кездесетін қолайлы жағдайда еніп кететін кәдімгі жергілікті түрлер (капуста шыбыны, крестігүлділердің бүргелері, бұзаубас, қара шегірткелер, сымқұрттар, жалаңаш шырыштар, бітелердің бірқатар түрлері, темекі трипсісі, өрмекші кенелер және т.б. түрлер) ал аурулардың әкелінген, жылы жайларды мекендеуге бейімделген жылу сүйгіш түрлер (теплица ақ қанаты, беріш нематодалары және т.б.).

Жылы жайларда өсірілетін көкөніс дақылдарырын зақымдауға маманданған зиянкестердің барлығының ауыз аппараты шаншып-сорғыш, полифагтар және көбею потенциалы жоғары дәрежеге көтерілген поливольтинді түрлер. Мұндай ерекшеліктерінде олардың жылы жай жағдайында (температура мен ылғалдылықтың жоғары болуы, дақылдардың ұзақ уақыт, кейде жыл бойы, үздіксіз өсірілуі) олардың қарқынды түрде жаппай өсіп-өнуіне көбеюіне мүмкіншілік тудырады.

Зерттеулер нәтижесі бойынша жалған ақұнтақ, пероноспороз – дерт зақымдалған мүшелердің бетінде конидиялар мен конидия тасымалдаушылардан құралған ақшылт-сұр дақтардың пайда болуымен сипатталады. Ауыл шаруашылыққа ең үлкен экономикалық зардап әкелетіндері – пияз, қызылша, орамжапырақ пен темекінің жалған ақұнтағы. Аурудың коздырғыштары – пероноспора (*Peronospora*), плазмопара (*Plasmopara*), псевдопероноспора (*Pseudo-peronospora*) тұқымдастарының саңырауқұлақтары (1-кесте).

Кесте 1. Қызанақ сорттарының аурулармен залалдануы

| Қызанақ сорттары | Аурулармен залалдануы, % | | |
|-------------------|---|--|---|
| | Жалған ақ ұнтақ- <i>Pseudomonas syringae</i> . | Ақ ұнтағы - <i>Erysiphe cichoracearum</i> Pot. | Бактериозы - <i>Pseudoperonospora cubensis</i> . |
| Ранний 80 | 20 | 10 | - |
| Розовая жемчужина | 10 | - | 5 |

Ақ ұнтақ көкөніс және бақша дақылдарында кең таралған аурулардың бірі болып саналады. Биылғы жылы аурудың дамуы қияр, сәбіз, қауын, қарбыз егістіктерінде оңтүстік аймақта және Индер және Қызылқоға аудандарында (Атырау облысы) байқалды. Ақ ұнтақ жапырақ бетінде ақ өнез түрінде пайда болды. Онымен залалданған қауын суармалы егістік алқабында көп зақым көреді. Залалданған өсімдікте жапырақтары кеуіп қалады, өнімділігі төмендейді, жемістің сапасы нашарлайды, соның әсерінен онда қанттың құрамы төмендейді. дақылдың өсу кезеңінің соңында жапырақтың залалдануы 0,01-7% шамасында болды. Таралуы 0,01-11%, дамуы 0,6-3,5%-ды құрады.

Жалған ақұнтақ, пероноспороз – дерт зақымдалған мүшелердің бетінде конидиялар мен конидия тасымалдаушылардан құралған ақшылт-сұр дақтардың пайда болуымен

сипатталады. Ауыл шаруашылыққа ең үлкен экономикалық зардап әкелетіндері – пияз, қызылша, орамжапырақ пен темекінің жалған ақұнтағы. Аурудың қоздырғыштары – пероноспора (*Peronospora*), плазмопара (*Plasmopara*), псевдопероноспора (*Pseudo-peronospora*) тұқымдастарының саңырауқұлақтары.

Бактериозы ауру қызанақ және басқа бақша дақылдарында таралды. Аурудың бірінші белгілері гүлдеу фазасында, маусым айының бірінші онкүндігінде анықталды. Барлық өндіріс алқаптарында және жеке секторда өсімдіктің залалдануы төменнен жоғары деңгейге дейін байқалды. Бактериоз ауруының қарқынды дамуы көбіне қалың себілген алқаптарда анықталды.

Қызанақ сорттарының басым көрсеткіштері бақша бітесі, теплица ақ қанаты, кәдімгі өрмекші кене және беріш нематодасы залалданғаны анықталды (2-кесте).

Кесте 2. Қызанақ сорттарының зиянкеспен залалдануы

| Қызанақ сорттары | Зиянкестермен залалдануы, % | | | |
|-------------------|-----------------------------|-------------------|--------------------------|--------------------|
| | Бақша бітесі | Теплица ақ қанаты | Кәдімгі өрмекші кенесі – | Беріш нематодасы – |
| Ранний 80 | 20 | - | 20 | 5 |
| Розовая жемчужина | 10 | 10 | 20 | 5 |

Бітелер өте тез дамиды. Қазақстанның оңтүстік, оңтүстік-шығыс аудандарында 15 ұрпаққа дейін береді. Алғашқы ұрпақтарының ұрғашылары қанатсыз, ал кейінгі ұрпақтарда олармен қатар, жан-жаққа ұшып таралатын, қанатты ұрғашы бітелер де болады. Жаздың аяқ кезінде бітенің популяциясында ұрғашыларымен қатар еркектері де пайда болып, олар шағылысқаннан кейін ұрғашылары қыстап қалатын жұмыртқаларды салады.

Ал ауа райы салқын және нөсер жаңбырлы болған кездерде олардың өсіп-өніп көбеюі едәуір тежеледі. Бітелердің жаппай көбеюін тежеп, сан мөлшерін едәуір дәрежеде азайтып тұратын факторлардың ішінде энтомофагтардың да, әсіресе кокцинеллидтер мен алтын көзділердің маңызы өте зор.

Бақтың өрмекші кенесі Көктемде олар ашылып келе жатқан бүршіктерге өрмелеп барып, оларды сорып қоректенуге кіріседі. Кейінірек олар алма және басқа жеміс ағаштары жапырақтарының астыңғы бетін мекендейді. Сол жерде ұрғашы кенелер жапырақ шырынын сорып, өсіп – өніп көбейеді. Әрбір ұрғашы кененің салатын жұмыртқаларының саны 60 жетеді. Кенелер өте тез көбейеді, бір жаз ішінде 10 ұрпаққа дейін береді. Зақымданған жапырақтар қоңыр түске айналып, мерзімінен бұрын түсіп қалады.

Ақ қанаттылардың өздері және олардың дернәсілдері жапырақтың шырынын сорып және оны денелерінен бөлініп шығатын желім тәрізді сұйықтық заттармен ластап, қатты зиян келтіреді. Зақымдалған жапырақтарды күйе саңырауқұлағы мекендеп, ауруға шалдығады. Нәтижесінде жапырақтары мерзімінен бұрын түсіп қалады да, өсімдік әлсіреп, түсімі төмендейді.

Беріш нематодалар - өсімдіктердің 300 аса түрлерімен қоректене алатын көп қоректі жәндіктер. Жылы жайда олар әсіресе қызанақ пен қиярды қатты зақымдайды.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Методические указания по учету и выявлению вредных и особо опасных вредных организмов сельскохозяйственных угодий. Астана, 2009, 312 с.
2. Методические указания по мониторингу численности вредителей, сорных растений и развития болезней сельскохозяйственных культур. Ответственный за выпуск Сулейменова

З.Ш. Астана, «Фолиант», 2004, 272 с.

3. Справочник по защите растений. Под ред. Фадеева Ю.Н. М., «Агропромиздат», 1995, 416 с.

4. Справочник агронома по защите растений. Под ред. Нурмуратова Т.Н., Шека Г.Х. Алма – Ата, «Кайнар», 2000, 184 с.

Акмуллаева А.С., Тәңірбергенова А.А.

Меры исследования борьбы с болезнями и вредителями помидоров в теплице

В статье рассматривается проблема меры исследования борьбы с болезнями и вредителями помидоров в теплице.

Ключевые слова: тепличные помидоры, томатные болезни, вредители, белый порошок, колибактериоз, парниковая белокрылка, паутинный клещ.

A.S. Akmullaeva, A.A. Tyurbergenova

The study measures to combat diseases and pests and their tomatoes in the greenhouse

In the article the study measures to combat diseases and pests and their tomatoes in the greenhouse.

Key words: greenhouse tomatoes, tomato diseases, pests, white powder, colibacteriosis, greenhouse whitefly spider mite.

ӘОЖ 6327.727.

КАРТОП ДАҚЫЛЫНА ЗИЯН КЕЛТІРЕТІН АУРУЛАР МЕН ЗИЯНКЕСТЕРГЕ ҚАРСЫ ҚОРҒАУ ШАРАЛАРЫН ЖЕТІЛДІРУ

Акмуллаева А.С., Қуанышова Г.А.

І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қ.

Мақалада Алматы облысы Кербұлақ ауданындағы картоп дақылында кездесетін аурулар мен зиянкестерге қарсы қорғау шараларын жетілдіру қарастырылған.

Тірек сөздер: картоп сорттары, тыңайтқыштар, колорадтық картоп қоңызы, қызылбас шпанка, картоптың сабақ нематодасы, картоптың фитофторозы, картоптың қара мойнағы, картоптың альтернариозы.

Картоп түйнектеріндегі негізгі химиялық заттар – крахмал, қанттар, жасұнық, азоттық қосылыстар, май және күлді элементтер. Картоп түйнегіндегі заттар мөлшері сортқа, өсіру жағдайына, климат факторларына байланысты айтарлықтай өзгереді.

Картоп түйнегінде крахмал көп болуына байланысты олар жоғары қуаттылыққа ие. Орташа есеппен картоптың 100 граммы 310 кДж береді. Крахмалдың екі түрін ажыратады: ассимиляциялық және қорлық. Біріншісі хлоропласттарда пайда болып, ыдырайды. Пайда болған қанттар (немесе қанттардың фосфорлық эфирлері) қор жинаушы мүшелерге, мысалы түйнектерге жиналады. Түйнектерде қанттардан қор крахмалы түзіледі, ол қат-қабат құрылысы бар түйіршіктерден тұрады.

Түйнектерде кейбір басқа полисахаридтер де кездеседі. Олардың арасында ең маңыздылары жасұнық (клетчатка) және пектин заттары. Олардағы целлюлозаның орташа мөлшері 1% құрайды. Пектин заттарының барлығы дерлік түйнектердің қабығында орналасады.

Түйнектерде орташа есеппен 1 қанттар болады, бірақ олардың мөлшері 8% жетуі мүмкін.

Картоптың нәрлілігі түйнектердегі крахмал мен қанттардың ғана емес, азоттық қосылыстардың да болуына байланысты. Шикі протеиннің орташа мөлшері әдетте 2% жуық. Бұл түйнектердің өнімділігі 20т/га болғанда шикі протеиннің өнімі 400 кг/га құрайды деген сөз [1].

Салыстыру үшін бидай дәнегінде шикі протеиннің орташа мөлшері 13% және өнімділігі 30ц/га болғанда одан 390 кг/га шикі протеин алуға болады. Сонымен, картоп ақуызы төмен дақыл болғанымен протеинді гектарға шаққанда ақуызы жоғары дақылынан – бидайдан аз бермейді [2]. Түйнектердің ақуыздары негізінен тұзда еритін глобулиндердің үлесіне тиеді. Сорт және өсіру жағдайына байланысты глобулиндер ақуыздардың жалпы мөлшерінің 50-65% құрайды, ақуыздардың 20-30% - альбуминдер, 15-20% - қиын еритін ақуыздар.

Картоп ақуыздарының биологиялық құндылығы жоғары, өйткені оларда ауыстырылмайтын амин қышқылдары көп, ал лизин мен треонин мөлшерінен бидайдан асып түседі. Картоп түйнектері ақуыздарының жиынтық биологиялық құндылығы орташа 85% құрайды. Демек, картоп ақуыздарының сапасы көптеген дәнді дақылдарымен салыстырғанда жоғары.

Органикалық қышқылдар. Картоп түйнектерінде шырынның рН мөлшері 5,6 - 6,2 тең. Клетка шырынының жоғары қышқылдығы түйнектерде органикалық қышқылдардың айтарлықтай мөлшеріне байланысты. Олардың ішінде лимон, алма, қымыздық, пирожүзім, янтарь, шарап және кейбір басқа қышқылдары кездеседі. Әсіресе, түйнектерде лимон қышқылы көп (0,4-0,6% дейін).

Картоп өсімдігінде гликоалкалоидтер біркелкі емес таралған: картоп сабағына қарағанда түйнектерде аздау; жас пісіп келе жатқан түйнектерде әдетте соланин мен чаконин мөлшері 10 мг%, жетілгендерде – 1-4 мг%; гликоалкалоидтердің басым бөлігі қабықта орналасқан [3].

Картопқа көбінесе топырақты мекендейін насекомдар (сымқұрттар, жалған сымқұрттар және т.б.), бірақтар көбелектердің жұлдызқұрттары және сорғыш насекомдар (қандалалар, бітелер, цикадалар) зиян келтіреді. Соңғылар картоптың вирус ауруларын таратушы болып та саналады. Бұл зиянкестердің көпшілігі көп коректілер тобына жатады (1-кесте).

Кесте 1. Картоп дақылына кездесетін зиянды организмдер түр құрамы
(Алматы облысы, Кербұлақ ауданы 2016 ж.)

| Зиянды организмдер | Танаптар | | | |
|---|---------------|--------|------------------|------------------|
| | Галант Өтенай | Аванта | Латона Қарабұлақ | Розана Қарабұлақ |
| Колорадтық картоп қоңызы - <i>Leptinotarsa decemlineata</i> Say | + | ++ | + | +++ |
| Қызылбас шпанка - <i>Epicauta erythrocephala</i> Pall. | - | - | + | + |
| Картоптың сабақ нематодасы - <i>Ditylenchus destructor</i> Thorne | + | +++ | + | + |

*Ескерту: + зиянды организмдер бірен-саран түрде кездесті.
++ орташа кездесті
+++ жоғары түрде кездесуі
- зиянды организмдердің мүлдем кездеспеуі

Колорадтық қоңыз картопты қатты зақымдайды. Қоңыздар және олардың личинкалары өте қомағай келеді, картоптың жапырағы мен сабағы күні-түні бірдей кеміріп жеп, қатты зиян келтіреді. Егер картоптың бір түбінде қоңыздар мен личинкалардың 30-40 шақтысы коректенетін болса, онда өсімдіктің жапырақтарын түгелдей құртады. Бұл жағдайда картоптың өнімі 10 есеге дейін төмендейді.

Қызылбас шпанка қоңыздар маусым-шілде айларында картоптың жапырақтары мен сабағын кеміріп, кейде біржола құртып жібереді. Ал олардың личинкалары шегіркелердің жұмыртқаларымен коректеніп, өсімдіктерге ешқандай зиян келтірмейді.

Картоптың сабақ нематодасы құрттары картоп түйнектерінің ішіне енеді. Олардың енген жерлерінде түйнектің эпидермисі алғашында бозарады да, кейіннен кара-сұр түске көшеді. Сонымен қатар сол жер ішке қарай батыңқырады және оның эпидермисін жұмсағынан оңай

сыдырып алуға болады. Нематода мекендеген картоп түйнегі ақырында түгелдей бұзылады. Әсіресе нематода картопты көкөніс қоймаларында сақтау кезінде қатты зақымдап, көп шығынға ұшыратады.

Картоптың қара мойнағы - *Pectobacterium phytophthorum Appel*. Картоп өніп шығуынан бастап қара мойнақ ауруына бақылау жұмыстарын жүргіздік. Тексеру жүргізілген алаң 0,100 мың.га болды

Картоптың фитофторозы - *Phytophthora infestans*. Кеселге картоптың барлық органдары шалдығады. Алдымен ауру белгілері ескірген жапырақтардың шық тұратын жоғары ұшында байқалады. Зақымданған жапырақ бөліктері қоныр тартып, тез қарайып кетеді. Біртіндеп ауру жапырақ сағақтары мен сабақтарына таралып, өсімдік тіршілігін тоқтатуы мүмкін. Жанбыр тамшылармен ауру қоздырғышының инфекциясы жапырақтан шайылып, түйнектерді зақымдайды. Оның үстінде қонырқай немесе сұрғылт ойыс дақтар пайда болады. Ауруға шалдыққан органдарда саңырауқұлақтың, конидиялары немесе зооспорангийлері түзіліп, жаз бойы Картоптың альтернариозы - *Alternaria solani* Sor. Ескелді филиалы бойынша барлық тексерілген жер көлемі 0,136 мың.га, соның 0,015 мың.га залалданғаны анықталды. Бағыттағы бақылауда 4-тамызда Ескелді ауданы Қарабұлақ, Жанғызғаш, Қаратал а/о, Талдықорған қ. Өтенай а/о және Текелі қ. картоп алқаптарында альтернариоз ауруының алғашқы белгілері анықталды. Көбінесе сабағы және жапырағы залалданған, сабақ пен сағақтарда түзілген дақтар қара түсті болды. Аурудың дамуы 1,8-6,7%, таралуы 4-11% құрады, аз мөлшерде зақымдалған. Маусым, шілде айларында жауын-шашынның жауы, су тамшысының болуы және тұрақты температура (22-26°C) альтернариоз ауруының дамып, таралуына қолайлы жағдай туғызды.

2015 жылы ауа райы жағдайлары қолайлы болса, агротехникалық шаралар сақталмаса аурудың пайда болуы мүмкін.

Кәдімгі таз-қотыры - *Leptinotarsa decemlineata Say*. Филиал бойынша барлығы тексерілгені 171 мың.га құрады, аурумен зақымдалғаны анықталмады.

Колорадтық картоп қоңызы - Қатты қанаттылар (Coleoptera) отрядының жапырақ жемірлері (Chrysomelidae) тұқымдасына жатады. Картоп дақпылын зақымдайтын зиянкестердің ішіндегі ең қауіптісі. Шыққан жері - Солтүстік Америка. Еуропаға өткен ғасырдың 70-жылдарында әкелінген. Содан бастап біртіндеп көптеген елдерде таралған. Бұрынғы КСРО-да таралуы жылдардан басталады. Қазіргі уақытта ол Ресейдің европалық бөлігінде, Кавказда, Орал тауының шығыс жағында орналасқан облыстарында таралған. Қазақстанда Орал, Ақтөбе, Қостанай, Көкшетау, Солтүстік Қазақстан, Ақмола, Жезқазған, Талдықорған, Алматы облыстарында кездеседі.

Ауруға шалдыққан картоптың жер астындағы сабақтары мен түйнектерінде бұжыр-бұжыр бүртiк iсiктер пайда болады. Олардың көлемі кейде картоп түйнегінен де ірі келеді. Рак ісіктері тез шіріп, инфекция сау өсімдіктерге жұғады. Н.А. Дорожкин мен С.В. Горленконың бақылауларына қарағанда картоптың ауру қоздырғышы қыста тыныштық калпында зооспорангияларда сақталып шығады да, көктемде олардың әрқайсысында жүздеген зооспоралар пайда болады. Жараланған немесе сау тканьдер арқылы зооспоралар өсімдік клеткасына еніп, ондағы дайын органикалық заттармен қоректенеді. 10-12 күннің ішінде зооспоралардан тұратын жаздық зооспорангиялар сорусы түзіледі. Жаз бойы картоптың ауру қоздырғышы осылай бірнеше генерация береді. Топырақта инфекция қоры болса рак ауруына картоппен қатар помидор, мендуана, қара және ашылау алқалар да шалдығады (2-кесте).

Кесте 2. Бақтыбай ауылында картоп дақпылындағы аурулардың құрамы (Алматы облысы, Кербұлақ ауданы 2016ж.)

| Аурулардың түрлері | Танаптар | | | |
|--------------------|------------------|--------|---------------------|------------------|
| | Галант Өтенай | Аванта | Латона Қарабұлақ | Розана Қарабұлақ |

| | | | | |
|---|-----|------|-----|------|
| Картоптың қара мойнағы - <i>Pectobacterium phytophthorum</i> Appel. | + | ++ | - | + |
| Картоптың фитофторозы - <i>Phytophthora infestans</i> . | - | - | + | + |
| Картоптың альтернариозы - <i>Alternaria solani</i> Sor. | +++ | ++++ | +++ | ++++ |
| Кәдімгі таз-қотыры - <i>Leptinotarsa decemlineata</i> Say. | + | + | + | - |

*Ескерту: + зиянды организмдер бірен-саран түрде кездесті.

++ орташа кездесті

+++ жоғары түрде кездесуі

- зиянды организмдердің мүлдем кездеспейді.

Картоптың зиянкестерімен күресу шаралары негізінен ауыспалы егіс жүйесін сақтау. Картоптың ең жақсы алғы дақылдары болып саналатындар: астық дақыл мен бұршақ дәнділер, қант қызылшасы және көпжылдық шөптер. Биылғы жылы картоп өсірілетін учаскіге қайтадан картоп отырғызуды кем дегенде 3-4 жылдан кейін ғана жоспарлау керек.

Өнімді жинап алғаннан кейін егіс даласын картоп өсімдігінің қалдықтарынан тазалау. Картоп түйнектерін сақтау кезінде нематодтың зияндылық дәрежесін азайту үшін қоймадағы ылғалдылық 85-90% болғанда, ауа температурасын 13°C қалыпта ұстау.

Тұқымдық түйнектерді ұқыпты түрде іріктеп алу. Картопты сабақ нематодасынан қорғаудың негізгі шараларының бірі-клондық сұрыптау, яғни тұқымдыққа нематодамен зақымданбаған түптердің түйнектерін пайдалану. Картоп көктеп шыққан соң тырмалау, қатар аралықтарын жүйелі түрде баптап тұру, зиянкестердің дамуына қолайсыз жағдайлар тудырады.

Картоп отырғызылған учаскілерде колорадтық қоңыз кездескен жағдайда ол туралы карантин инспекциясына немесе өсімдік қорғау станциясына дереу хабарлап, карантиндік сақтандыру ережесінде көрсетілген талаптарға сай шараларды жүзеге асыру керек.

Химиялық препараттарды зиянкестің популяциясында екінші жастағы личинкалар басым болған кезде қолдану керек. Колорадтық қоңыздың сан мөлшері онша көп болмаса, әрі картоп егісі мал қораларына жақын орналасқан жағдайда оған қарсы бактериялық препарат битоксибациллинді (2-3 кг/га) қолдануға болады.

Химиялық препараттарды зиянкестің популяциясында екінші жастағы личинкалар басым болған кезде қолдану керек. Колорадтық қоңыздың сан мөлшері онша көп болмаса, әрі картоп егісі мал қораларына жақын орналасқан жағдайда оған қарсы бактериялық препарат битоксибациллинді (2 – 3 кг – га) қолдануға болады. Биылғы жылы картопты 29 сәуірден бастап отырғызылды. 13 мамырда отырғызылуы аяқталды. 20 мамырда жер бетіне өніп шықты, маусымның 10-да гүлдеді. Ерте пісетін сорттарын тамыз айының 6-нан қазу басталды. Жаппай картопты жинау қыркүйек айының бірінші онкүндігінен басталды. Колорадо қоңыздары мен балаңқұрттары картоптың ең негізгі және жыл сайын болатын зиянкесі. Мамыр айының 1-нен қоңыздардың қыстап шығуы анықталды, олар арам шөптермен қоректенген. Картоп өніп шыққан кезде қоңыздар ұшып келіп қоныстайды. Мамырдың 10-15-де шағылысуы басталып, мамырдың үшінші онкүндігіне дейін созылды. Сол кезеңінде жұмыртқалауы жүріп жатты, 13 мамырда балаңқұрттың шығуы байқалды. Маусым айында балаңқұрттары картоп алкасында қоректенеді. Маусымның үшінші он күндігінде үлкен жастағы балаңқұрттары қуыршаққа айналады. 10-15 шілдеде колорадо қоңызының екінші ұрпағы шықты. Шілде айының 25-де олар шағылысып, жұмыртқалағандары анықталды. Шілде айында зияндылығы көп мөлшерде, бір түпте 10-20 балаңқұрттан болды. Қоныстануы жоғары - 10% дейін болды. Химиялық препараттар мен өңдеу жұмысының арқасында, өнімнің сақталуына көмектесті. Көптеген шаруашылықтарда 2-3 рет залалсыздандыру жұмыстарын жүргізді. 9 қыркүйекте ересек балаңқұрттары қуыршаққа айналып олардың көбісі жерде қыстауға қалды. 2015 жылы бақылау

жұмысын қадағалаймыз, себебі бұл зиянкестер жыл сайын қоныстануы мен таралу көлемі ұлғайып барады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Сағитов А.О., Джаймурзина А.А., Туленгутова К.Н., Карбозова Р.Д. Ауылшаруашылық фитопатологиясы. Алматы, 2000, 216 б.
2. Справочник по защите растений. Алматы, 2004, 320 с.
3. Тілменбаев Ә.Т., Жармухамедова Ғ.Ә. Энтомология. Алматы, Қайнар, 1994.

Акмұллаева А.С., Қуанышова Г.А.

Болезни и вредители картофеля, меры борьбы

В статье рассматривается проблема болезни картофеля, также меры борьбы с вредителями.

Ключевые слова: сорта картофеля, удобрение, колорадский жук, картофель фитопфтороз, картофель, картофель альтернариозы.

A.S. Akmullaeva, G.A. Kuanyshova

Diseases and pests of potatoes contro measures

In the articl diseases and pests of potatoes contro measures.

Key words: varieties of potato, fertilizer, colorado beetle, potato, phytophthora, potato, potato alternaria.

УДК 582.734.3

ПУТИ ОБЕСПЕЧЕНИЯ УСТОЙЧИВОГО РАЗВИТИЯ ЕСТЕСТВЕННЫХ ПОПУЛЯЦИЙ MALUS SIEVERSII НА ТЕРРИТОРИИ ЖОНГАР-АЛАТАУСКОГО ПРИРОДНОГО ПАРКА В КАЗАХСТАНЕ

Бахтаулова А.С., Канагатов Ж.Ж., Оксикбаев Б.К., Жакупжанова М.Ф.

Жетысуский государственный университет им. И. Жансугурова, г. Талдыкорган,

Яблоня Сиверса занимает особое место в числе ценных растительных видов Жонгар–Алатауского государственного национального природного парка. Она формирует значительные (1,05% от площади парка) массивы дикоплодовых насаждений. Для сохранения яблоневых лесов проведены исследования современного состояния насаждений яблони Сиверса на территории парка, анализ различных способов содействия естественному возобновлению дикоплодовых лесов с учетом их генетической чистоты. Рассмотрены пути обеспечения устойчивого развития естественных популяций яблони Сиверса путем выращивания генетически однородного посадочного материала. Исследования направлены на сохранение уникального генофонда яблоневых лесов для селекции и восстановления культурных сортов.

Ключевые слова: яблоня Сиверса, популяция, сохранение, генетический резерват, биотехнология.

Яблоня Сиверса занесена в Красную книгу Казахстана и защищается Международным союзом охраны природы. Уникальность яблони Сиверса заключается в способности формировать плодовые леса, встречающиеся на ограниченных территориях Северного полушария. Она занимает особое место в числе ценных растительных видов Жонгар-Алатауского государственного национального природного парка как формирующая значительные (1,05% от площади парка) массивы дикоплодовых насаждений.

Насаждения яблони Сиверса находятся на абсолютной высоте 900-1800 м и представлены отдельными массивами, часто оторванными друг от друга, площадью от нескольких сотен кв. метров до нескольких десятков гектар. Общая площадь дикой яблони на территории Жонгар-Алатауского ГНПП составляет 8,573 тыс.га[1-2].

Отдел научных работ и горного агробιοразнообразия Института ботаники и фитоинтродукции (ИБФ) Министерства образования и науки в рамках Проекта правительства Казахстана, Глобального экологического фонда и Программы развития ООН в Казахстане «Сохранение *insitu* горного агробιοразнообразия в Казахстане» провел обследование и подтвердил природную чистоту генотипов яблони. Доля спелых и приспевающих насаждений достигает 67%, что свидетельствует о высокой степени нарушенности возрастной структуры лесов. При этом 70-80% этих наиболее продуктивных насаждений не обеспечены естественным возобновлением, поэтому экологическое состояние дикоплодовых лесов оценено как неудовлетворительное. Становится совершенно реальной опасность потери уникальных лесов, которые покрывают предгорья Джунгарского Алатау с мелового периода. В настоящее время особенно актуальны исследования процессов естественного возобновления яблони Сиверса и разработка способов содействия ему. Яблоня Сиверса в естественных условиях размножается семенным (20 процентов) и вегетативным (корнепорослевым) (80 процентов) способами. Образование корневой поросли совершенно не гарантирует высокой укореняемости корневых черенков и их побеговозбудимости. В настоящее время восстановление яблони Сиверса ведется только методом создания лесных культур, при этом посадочный материал выращивается из семян, собранных на участках генетических резерватов.

Эффективных результатов исследователи данного проекта не достигли.

В яблоневых лесах запрещены даже санитарные рубки ухода, раскопка корневой системы недопустима. В теплице лесничества “Орман” Иле-Алатауского национального природного парка приживаемость корневых черенков яблони Сиверса составила лишь 2%.

Учитывая усиливающуюся деградацию дикоплодовых лесов, для их сохранения необходимо рассмотреть и применить разные методы лесовосстановления и лесоразведения. При этом, посадочный материал должен быть получен из генетически чистых насаждений, размножение случайного (гибридного) материала приведет к внедрению чужеродных генотипов в природные популяции и разрушение естественных лесов дикой яблони примет необратимый характер. Природные популяции яблони Сиверса необходимо сохранить, прежде всего, как генетическую основу культуры яблок на планете (рисунок 1).



Рисунок 1. Цветение яблоневых лесов на территории Жонгар-Алатауского ГНПП

Для восстановления пространственных границ природных популяций яблони Сиверса проводятся универсальные и обязательные мероприятия:

- сбор семян в «маточном саду» и закладка «чистого» питомника сеянцев данной популяции;

- предотвращение интродукции чужеродных видов угрожающих экосистемам, местам обитания вида, установление состава чужеродных видов древесных растений, не свойственных природному флористическому району;

- классификация степени агрессивности чужеродных видов по характеру современного воздействия на природные фитоценозы [3].

На территории Жонгар-Алатауского ГНПП в лесоплодовой зоне выделены 6 лесных генетических резерватов яблони Сиверса общей площадью 510 га (рисунок 2).



Рисунок 2. Генетические резерваты яблони Сиверса

Резерваты прошли государственную аттестацию и приказом Комитета лесного и охотничьего хозяйства МСХ РК от 5 мая 2011 года № 138 включены в государственный перечень лесных селекционно-генетических объектов Республики Казахстан.

В 2011 году при поддержке проекта ПРООН/ГЭФ «Сохранение *in-situ* горного агробιοразнообразия в Казахстане» был проведен первичный отбор маточных деревьев, а также отбор растительных образцов для проведения оценки внутривидового разнообразия яблони Сиверса молекулярно-генетическими методами ISSR-маркирования [4].

Анализ полученных данных показал, что на территории Жонгар-Алатауского ГНПП только труднодоступные и наиболее удаленные резерваты (Кокжота 1, 2) общей площадью 88 га, или 17% считаются лучшими насаждениями, не затронутыми процессами генетической эрозии и не содержат ДНК *Malus domestica*. Они могут быть использованы для получения генетически чистого посадочного материала (рисунок 3).



Рисунок 3. Отбор образцов для проведения генетического анализа

Для анализа генетического полиморфизма ДНК нами были взяты образцы листьев, полученные путем проращивания семян (пять образцов) и листья взрослых деревьев (пять образцов). Контролем служили образцы: №6 – листья, взятые с наиболее старого маточного растения яблони Сиверса (около 300 лет) и №14 - листья, взятые с яблони Сиверса, посаженной в Ботаническом саду А.Джангалиевым. Все образцы представлены в таблице 1 и на рисунке 4 (таблица 1 и рисунок 4).

Таблица 1 – Образцы для исследования

| № образца | Вид | Место отбора | Части растения | Описание |
|--------------|----------------------|--|-----------------------------|--|
| | 1 | 2 | 3 | 4 |
| Образец № 1 | Malus Sieversii | Черновский И.У., Лепсинский ф-л, Чернова речка | Плоды | Мелкие, в диаметре 2 см, цвет желто-розовый |
| Образец № 2 | Malus Sieversii | Черновский И.У., Лепсинский ф-л, Чернова речка | Плоды | Средние, в диаметре 3,5 см, цвет неопределенный |
| Образец № 3 | Malus Sieversii | Черновский И.У., Урочище Крутое | Плоды | Средние, в диаметре 3,5 см, цвет желтый |
| Образец № 4 | Malus Sieversii | Черновский И.У., Урочище Крутое | Плоды | Средние, в диаметре 4,5 см, цвет желтый |
| Образец № 5 | Malus niedzwetzryana | Черновский И.У., Лепсинский ф-л, Чернова речка | Плоды | Крупные, в диаметре 5,5 см, цвет красный, мякоть розовая |
| Образец № 6 | Malus Sieversii | Лепсинский ф-л, Черновской И.У., Чернова речка | Листья | старовозрастное дерево (300 лет) |
| Образец № 7 | Malus Sieversii | Тополевский И.У., Обход № 2, Осинная, кв.№19 | Листья | старовозрастное дерево |
| Образец № 8 | Malus Sieversii | Тополевский И.У., Кокжота Обход № 2, кв.№10 | Листья | старовозрастное дерево |
| Образец № 9 | Malus Sieversii | Сарканский питомник | Листья | Сеянец из семян (3 года) |
| Образец № 10 | Malus Sieversii | Сарканский питомник | Листья | Сеянец из семян (1 год) |
| Образец № 11 | Malus Sieversii | | Эндосперма из семени яблони | (отрицательный результат) |
| Образец № 12 | Malus Sieversii | | Эндосперма из семени яблони | (отрицательный результат) |
| Образец № 13 | Malus Sieversii | Плодовый питомник популяция Каратау | Листья | возраст до 20 лет |
| Образец № 14 | Malus Sieversii | Ботанический сад | Листья | возраст около 50 лет |

Результаты проведенного исследования, выполненного с использованием 6 межмикросателлитных маркеров, позволили идентифицировать яблони Сиверса и объективно характеризовать степень их генетического разнообразия. В дальнейшем, имеется возможность использовать эти ISSR-маркеры для характеристики и идентификации яблони Сиверса при сравнении с другими сортами яблони [5].

По результатам анализа наиболее идентичным яблони Сиверса являются образцы под номером 1, 3, 7 и 10.

Лесоводственная оценка насаждений яблони Сиверса показала, что состояние популяции за последние 3 десятилетия кардинально изменилось в сторону ухудшения. Большинство лесных генетических резерватов яблони Сиверса имеют спелый и перестойный возраст при недостаточном естественном возобновлении.

Сотрудниками природного парка регулярно проводится мониторинг плодовых лесов по следующим основным направлениям: мониторинг генетических резерватов, мониторинг чужеродных видов. По результатам проведенных мониторингов разрабатываются мероприятия по восстановлению и сохранению популяций яблони Сиверса, эффективность применения которых оценивается по состоянию экосистемы.

При проведении исследований были учтены: состояние сохранности генетических ресурсов растений *in situ* т.е сохранение биоразнообразия в естественных местах обитания; уровень поддержания и восстановления жизнеспособных популяций видов и экосистем в природных условиях; степень сохранения яблони Сиверса в естественных местах обитания с использованием семян для естественного возобновления; соблюдение экологических законов, наблюдаемых в природных условиях, с возвращением видов в естественные места обитания.

При размножении растений в массовых, промышленных масштабах для восстановления деградированных яблоневых лесов Казахстана необходимо прежде всего изучить биологические особенности самого растения. Генофонд яблоневых лесов представляет большую ценность для селекции как материал для восстановления культурных сортов. Сохранение у многолетних растений в полной мере хозяйственно ценных видовых, сортовых признаков возможно в процессе выращивания посадочного материала только через вегетативное размножение. Среди способов вегетативного размножения зеленое черенкование представляет значительный интерес. Это во многом связано с тем, что в данном случае обеспечивается возможность получать генетически однородные вегетативно размноженные растения на собственных корнях. Зеленые черенки с листьями обладают высокой меристематической активностью, они более отзывчивы на воздействия, направленные на стимулирование процессов регенерации придаточных корней. Это дает возможность размножать зелеными черенками многие трудноукореняемые виды и сорта растений.

В настоящее время технология укоренения дикой яблони зелеными черенками, к сожалению, недостаточно изучена.

Зеленое черенкование, как один из эффективных способов размножения плодовых растений, основан на способности зеленых черенков формировать придаточные корни. Изучение корнеобразовательной способности у вегетативно размножаемых растений проводилось многими исследователями (Комиссаров Д.А.,1964;Маслова В.А.,1972; Тарасенко М.Т.,1991, Bhatti S, Jha G.,2010), и др.), что позволило выявить разную укореняемость растений при зеленом черенковании. В ходе проведения исследований предпринимались попытки объяснить различную корнеобразовательную способность у растений на основе их филогении, жизненных форм, генеалогических связей, таксономии и др.

Среди всех жизненных форм, в том числе и древесных, имеются виды и сорта с высокой и низкой корнеобразовательной способностью [6]. Поэтому для каждого конкретного растения нельзя предопределить возможную степень укоренения зеленых черенков, основываясь на жизненной форме или на положении в таксономической системе.

Придаточные корни древесных и кустарниковых растений формируются стеблем зеленого черенка эндогенно. По мнению большинства исследователей формирование корневых

зачатков у древесно-кустарниковых двудольных происходит в коре стебля напротив широких многорядных сердцевинных лучей (Тарасенко М.Т. Фаустов В.В., Орлов П.Н., Dobranszki J, da Silva JA.,2010). Учитывая указанную топографию заложения корневых зачатков, ряд авторов связывают степень радиальной паренхиматизации стебля побегов с легкой укореняемостью зеленых черенков (Правдин Л.Ф., 1938). При этом отмечено, что новообразование придаточных корней зависит от морфологического строения сердцевинных лучей. У растений, имеющих гомогенные лучи, состоящие из лежащих клеток, образование первичного бугорка придаточного корня происходит быстрее, чем у растений с палисадными и гетерогенными сердцевинными лучами, в структуре которых преобладают стоячие клетки (Орлов П.Н., 1988, 1992, 1993).

Установленная связь между особенностями сложения сердцевинных лучей стебля и образованием придаточных корней открывает реальные возможности прогнозирования укореняемости растений при их отборе для зеленого черенкования [7]. Поэтому изучение лучевой паренхимы стебля яблони Сиверса позволили определить потенциальные возможности размножения растения зеленым черенкованием и получить реальные данные по степени укореняемости зеленых черенков.

Основываясь на полученных результатах по количеству двурядных сердцевинных лучей на поперечном срезе (двурядные 10,9%), на тангентальном срезе (двурядные – 19,2%), можно предположить, что потенциальная корнеобразовательная способность яблони Сиверса при зеленом черенковании будет не более 15%. При этом учитывая, что в сложении двурядных лучей лежащие клетки встречаются в средней части только у отдельных лучей, то и корнеобразовательная способность зеленых черенков будет значительно ниже их количества. Полученные результаты подтверждаются литературными данными, в соответствии с которыми укореняемость зеленых черенков яблони Сиверса составили 10%. Поэтому по строению лучевой паренхимы определена потенциальная степень укореняемости зеленых черенков не более 10%, что позволяет отнести яблоню Сиверса к группе трудноукореняемых растений.

Для проведения технологического процесса зеленого черенкования с различными сроками заготовки зеленых черенков дикой яблони была проведена предварительная работа по определению старовозрастных маточных растений из генетических резерватов.

В каждом генетическом резервате установлены старовозрастные маточные растения, с которых была проведена заготовка зеленых черенков.

Основываясь на ранее определенной потенциальной степени укореняемости зеленых черенков яблони Сиверса по строению лучевой паренхимы, была разработана технология зеленого черенкования как для трудноукореняемого вида. Технология включала разные сроки заготовки годичных побегов и применение регуляторов роста для усиления корнеобразовательной способности зеленых черенков.

Процесс зеленого черенкования проведен по общепринятой методике. Маточными насаждения являлись старовозрастные особи яблони Сиверса, растущие на территории генетических резерватов природного парка. Для усиления процессов регенерации у черенков придаточных корней были применены регуляторы роста: индолилуксусная кислота, корневин.

При заготовке годичные побеги были повреждены болезнями (в том числе отмечалось наличие бактериального ожога) на листьях яблони. Поэтому заготовленные годичные побеги с поврежденных маточных растений были обработаны фунгицидами. Обработка была малоэффективной, поэтому была проведена повторная заготовка.

Анализ полученных результатов показал, что зеленое черенкование годичных побегов без обработки регуляторами роста (контроль) характеризуется низкой укореняемостью (0-8,3%). Эффективность зеленого черенкования во многом зависит от обработки регуляторами роста, которые влияют на корнеобразовательную способность черенков. В процессе зеленого черенкования наиболее высокая укореняемость черенков составила при обработке корневином (индолилмасляная кислота) 25%.

Сроки заготовки черенков значительно влияют на их укореняемость. Так при заготовке с обработкой корневином зеленых черенков составила 25%, а полудревесневших – 10%.

Учитывая, что черенки, заготовленные с молодых растений, имеют более высокую корнеобразовательную способность и приживаемость, необходимо проведение омолаживания старых маточников. Старовозрастные особи яблони Сиверса особо охраняются на территории генетических резерватов, поэтому проведение омолаживающих обрезок запрещено. При этом лучшим материалом для черенков являются побеги, образующиеся на приростах прошлого года в нижней, но хорошо освещенной части кроны, которые имеют крупные развитые почки и не несут признаков заболеваний. Поэтому для проведения зеленого черенкования необходимо получение молодого здорового исходного материала, генетически идентичного старовозрастным особям яблони Сиверса. Такой материал можно получить путем микроклонального размножения.

